

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ИМ. И.АЛТЫНСАРИНА**



**ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР
БАҒДАРЛАМА ЖОБАСЫ**

**ПРОГРАММА НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ
В ОБЛАСТИ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Астана
2016**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР
БАҒДАРЛАМА ЖОБАСЫ**

**ПРОГРАММА НАУЧНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В ОБЛАСТИ
ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 17 наурыз № 3 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 марта 2016 года)

Үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарлама жобасы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 89 б.

Программа научных исследований в области трехязычного образования – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2016. – 87 с.

Қолданыстағы жобада үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарламасы ұсынылған.

Аталған жоба зерттеушілермен тілдік білім беру саласында ұсынылған.

В настоящем документе предложена программа научных исследований в области трехязычного образования.

Программа рекомендована исследователям в области языкового образования, в том числе трехязычного образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2016

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2016

Кіріспе

Білім және ғылым министрімен және Мәдениет және спорт министрімен 2015 жылдың қарашасында бекітілген үштілді білімді дамытудың жол картасы білімнің барлық деңгейлерін үш тілді білім беруге жоспарлы және кезеңге бөліп ауыстыруды қамтамасыз етуге және қызығушылық білдірген жақтардың: мемлекеттік органдардың, білім ұйымдарының, ҒӨҰ, бизнес құрылымдарының, ата-аналар қоғамдастығының, БАҚ және т.б. тиімді ықпалдастық етуіне бағытталған.

2015-2020 жылдарға арналған үштілді білімді дамытудың жол картасын іске асыру оқу бағдарламалары мазмұнын білім берудің барлық деңгейлерінде жаңартылуын қамтамасыз етеді; үштілді білім сабақтастығын бірыңғай білім беру ортасы контекстінде қамтамасыз етуге; үштілді білімді тиімді еңгізу үшін педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіруге; Қазақстанда үштілді білім саласында тиімді ғылыми зерттеулерді жүргізуді қамтамасыз етуге, «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын жұртқа танытуға мүмкіндік береді.

Жол картасында 7 стратегиялық бағыт қарастырылған, олардың бірі үштілді білім мәселелерін зерделеу бойынша ғылыми-зерттеу әрекеті болып табылады.

Ұсынылатын ғылыми зерттеулер бағдарламасы үштілді білім мәселелерін ғылыми негіздеуді талап ететін педагогикалық инновация ретінде теориялық жүйелеуге бағытталған.

Бағдарламада Қазақстандағы үштілді білімді дамытудың өзекті мәселелері, Қазақстандағы үштілді білім саласындағы мақсаттары мен міндеттері, үштілді білім саласындағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары анықталған; ғылыми зерттеулердің үлгі ретінде алынған тақырыптары, сонымен қатар үштілді білім саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша ұсыныстар берілген.

Ғылыми зерттеулер бағыттары Қазақстан Республикасында көптілді білімді дамыту тұжырымдамасында анықталған үштілді білімді дамытудың басты бағыттарына сәйкес келеді.

Әзірленген теориялық ережелер және зерттеу жүргізілген қолданбалы нәтижелерді ескере отырып, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен үштілді білім беру тәжірибесін жақсарту үшін зерттеу нәтижелерін енгізуге жүргізілген мониторинг Ғылыми зерттеу бағдарламаларын құрастыру үшін негіз болып табылады. Мониторингтің негізгі өлшемшарттарының бірі алынған нәтижелердің негізделген жаңалығы болып табылады. Басқа өлшемшарттар – зерттеудің сол немесе басқа да нәтижелерін көрсететін басылымдар туралы ақпараттар, себебі тәжірибеге зерттеу нәтижелерін бастапқы енгізу тек ашық басылымда жариялау арқылы ғана жүреді.

Зерттеу нәтижесі мен матриалдарды рәсімдеу ғылыми зерттеудің ажырамас бөлігі ретінде көп еңбекті қажет ететін және өте жауапты іс, себебі, тек сонда ғана жиналған материалдар іріктеледі және негізгі идеялар, ережелер, қорытындылар және ұсыныстар рәсімделеді.

Зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелерді тәжірибеге енгізудің маңызды тәсілі адресаты, мақсаты және олардың өзектілігі мен қажеттілігінің негізделуі көрсетілген оларды қолдану бойынша ұсыныстар болып табылады. Сондықтан да бұл мониторингтің тағы бір өлшемшарты болып табылады.

Мониторингтің әзірленген құрылымы үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу туралы ақпараттарды жинауға және өңдеуге бағытталған. Сондықтан технологиялық карталарды толтыруға қойылатын негізгі талаптар мыналар болып табылады:

– барлық ақпарат үштілді және көптілді білім беру, көптілді оқыту, екінші тіл (Т2) ретінде қазақ және орыс тілдеріне және шет тілі ретінде ағылшын тіліне (ШТ) оқыту саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына байланысты болуы қажет;

– ақпарат 2012-2016 жылдар аралығындағы орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстарына байланысты болуы қажет.

Педагогика үшін «үштілді білім беру» түсінігі біршама жаңа түсінік болуына байланысты осындай нақтылық қажет болды. Мысалға, үштілді білім берудің қостілді оқытудан және көптілді білім беруден айырмашылығы. Сондықтан ол түсінік беруді қажет етеді. Жаңа түсінікті енгізу бірқатар принциптерді енгізуге негізделді, соның бірі қарап тексеруді қажет етеді. Біздің жағдайда бұл аспект білім беру саласындағы мемлекеттік саясатпен және халықаралық байланысты күшейтумен байланысты.

Бұл ұстаныммен жұмыс істеу үшін, тілдің білім беруде екі жақты қызмет атқаратынына көңіл бөлуге тура келеді. Ол оқу пәні ретінде және оқыту құралы ретінде қызмет етеді. Бұл классикалық дидактика принциптерінің бірі : «білімге екіжақты ену» принциптеріне тура шығу болады.

Осы принциптерді байланыстыру үштілді білім беруді қазақстандықтардың (CEFR) Халықаралық стандартқа сәйкес үш мақсатты тілдерді бір мезгілде меңгеруі үшін қажетті жағдайлар жиынтығымен түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сөйтіп, нақты ұлттық білім беру жүйесінің шынайы тәжірибесі контекстінде үштілді білім беру – бұл қазақстандықтардың халықаралық стандарттарға сәйкес үш мақсатты тілдерді бір мезгілде меңгеруі үшін қажетті жағдайлар жиынтығын «үштілді білім беру» түсінігінің мәнін ашып көрсетуі мүмкін.

Бірақ қаншалықты осы түсінік кең ғылыми қолданысқа әлі енбегендіктен, осы саладағы ғылыми зерттеу бойынша ақпаратты нақтылау қажет. Сондықтан үштілді білім беру тәжірибесін жақсарту үшін ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу мониторингін жүргізуге қажетті ақпараттар алаңы кеңейтілді.

Ұлттық білім академиясымен жүргізілген мониторинг қорытындысы үштілді білім беру мәселесіне тікелей қатысы бар ғылыми зерттеу тақырыбы мен бағыттылығы жүйелі емес, негізінен осы және басқа да зерттеулерді жүргізуге бастамашы болған ғылыми мүддеге байланысты фрагменттік және эпизоттық сипатқа ие деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Осы тұжырым жоспарланған ғылыми зерттеу пәні болуы тиіс және өз кезегінде үштілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негізін, психологиялық-педагогикалық, лингводидактикалық, әлеуметтік мәдени аспектілерін мақсатты бағытталған зерттеуге мүмкіндік беретін үштілді білім беру мәселесін жүйелеудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Глоссарий

Зерттеу - танымдық әрекеттің арнайы нысаны ретінде ғылымға тән жаңа білімді өндіру тәсілі; бейтаныс құбылыстар мен фактілерді мақсатты зерделеуді, кез келген жаңа ақпаратқа ие болуды көздейтін танымдық әрекет түрі.

Зерттеу әрекеті – қойылған мәселе сипаты мен шарттарына тәуелді дәйекті, жүйеленген ізденістерді көздейтін ерекше жасалымдар жиынтығы.

Педагогикалық инновациялар – білім беру практикасында педагогикалық жаңалықтарды тарату.

Инновациялық дайындық – зерттеушінің ғылым мен практикада жаңа идеяларды қабылдауға дайын болуы және оларды өзінің ізденіс әрекетіне енгізу қабілеті; ізденіске, дәстүрліде жаңалық ашуға дайын болуы, шынайы жаңалықты тану және оны жалғын жаңалықтан айыру дағдысы.

Педагогикалық жаңалықтар – оқыту және тәрбиелеудің мақсаты, мазмұны, әдістері, ұйымдастыру нысандарына және педагог пен білімалушының бірлескен эмоционалдық-зияткерлік әрекетін ұйымдастыруға жаңалық енгізу.

Ақпараттық мәдениет - білімді алу, ұсыну, жинақтау және жүйелеу әдістері туралы білім және адам әрекетінде оларды мақсатты қолдану дағылары. Ақпараттық мәдениет ақпараттандыру құралдарын (ақпараттық-коммуникациялық технологияларды) танымдық құрал ретінде түсіну және қабылдауды қамтиды; ақпаратты жинақтау және қолданудың жалпы заңдары мен әдістерін білу.

Әдістемелік ұсыныстар – құрастырушының пікірі бойынша орындалуы, қойылған мақсатқа жетуді көздейтін әрекеттердің жүйеленген тізімі. Бұл тізім ережелер, нормалар, іс-шаралар, шарттар, әсер ететін факторлар, талаптар, кеңестер және т.б. ретінде ұсынылады.

Мониторинг – білім беру және зерттеу үдерісін жақсартатын шешімдерді жөндеу, қабылдау үшін ақпаратты жинақтауды, өңдеуді, талдауды қамтитын зерттеу үдерісі мен нәтижесін бақылау қадағалау жүйесі.

Педагогикалық жобалау – білім беру жүйелері мен мекемелерін дамыту жобаларын алдын-ала жасау, кез келген білім беру бағдарламалары, әдістемелері, технологияларын жасау.

Тезаурус - терминдер-ұғымдар қатал өзара тәуелділікте және ара қатынаста орналасқан сөздіктің ерекше бір түрі. Ол ең маңызды және мәңгі жағынан кең ұғымнан басталады және ішінарамен аяқталады. Кез келген ғылыми жұмыстың өз тезаурусы бар.

Ғылыми мақала - белгілі ғылыми саланы дамыту тұжырымдамасын ақпараттық тұрғыда қысқаша және сыйымды көрсету.

Ғылыми басылым – теориялық және/немесе эксперименталды зерттеу нәтижелерін қамтитын басылым.

Ғылыми мақалалардан цитаталады қолдану индексі (цки) – жарияланымдардың мақала жанындағы тізімдерде көрсетілген сілтемелерді индексациялайтын және осы сілтемелердің (цитаталарды қолданудың жалпы көлемі, хирш индексі және т.б.) сандық көрсеткіштерін ұсынатын аталған ғылыми жарияланымдардың реферативтік базасы.

Импакт-фактор (ИФ немесе IF) – ғылыми журнал маңыздылығының сандық көрсеткіші. 1960 жылдан бастап ол жыл сайын 1992 жылы Thomson корпорациясымен сатып алынған және қазір Thomson scientific деп аталатын) ғылыми ақпарат институтымен есептеледі (агл. *Institute for scientific information, isi*), және «Journal citation report» журналында жарияланады. ИФ сәйкес (көбінесе басқа елдерде, бірақ соңғы уақытта көбінесе Ресейде) журналдар, онда жарияланған мақалалар сапасы деңгейін бағалайды, зерттеушілерге қаржылай қолдау көрсетеді және қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды. Импакт-фактор ғылыми зерттеулер нәтижелері бағасына едәуір болса да, ерекше бағаланатын әсер етеді.

Ғылыми цитаталау Ресей индексі (ҒЦРИ) — Ресей ғылымдарының ғылыми жарияланымдар мәліметтері библиографиялық базасы. Жарияланымдар мен мақалаларды цитаталау туралы тұтынушыға қажет мәліметтерді алу үшін ғцри мәліметтер базасы негізінде scienceindex аналитикалық құралдар жиынтығы жасалған. ҒЦРИ жобасы 2005 жылдан бастап года компанией «Ғылыми электрондық кітапхана» (elibrary.ru) компаниясымен жасалады.

Web of Science (wos, бұған дейінгі аты isi web of knowledge) — ғылыми журналдар мен патенттердегі жарияланымдар мәліметтер реферативтік базасын, оның ішінде Thomson Reuters компаниясымен жасалған және ұсынылған жарияланымдарды өзара цитаталауды есепке алатын біріктіретін ізденіс платформасы. Web of science жаратылыстану, техникалық, қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар мен өнер бойынша материалдарды қамтиды. Платформаның библиографиялық ақпаратты іздеу, талдау және басқарудың кірітірілген мүмкіндіктері бар.

Ізденіс жүйесі (ағыл. *Search engine*) — бұл ақпаратты іздеу үшін арналған компьютерлік жүйе. Ізденіс жүйесі – бұл интернетте мәліметтерді іздеу мүмкіндігін ұсынатын веб-интерфейсі бар бағдарламалық-аппараттық кешен.

Тілдік білім – барлық қазіргі (ана және басқа) тілдер мен мәдениеттер саласындағы білім.

Шетел тіліндегі білім – тіл мен мәдениетті параллельді және өзара байланыста зерделеу барысында шетел тілі құралдарымен тұлғаны дамыту.

Көп мәдениетті білім – жас ұрпақтың этникалық, ұлттық және әлем мәдениетін тәрбиелеу, соның негізінде планетарлық сана-сезімді дамыту, көпұлттық ортада өмір сүру дайындығы мен қабілетін қалыптастыру.

Этномәдени білім – бұл тұлғаның этномәдени ұқсастығын әлем мәдениеті құндылықтарын игерумен бірге ана тілі мен мәдениетіне қалыптастыру арқылы сақтауға бағытталған білім.

Этнопедагогикалық білім – бұл этнопедагогика ғылыми негіздері туралы білім жүйесін игеру үдерісі мен нәтижесі, қазіргі жағдайда халықтың тәрбиелеу бай тәжірибесін және оның рухани мәдениетке құндылықты көзқарасын шығармашылық тұрғыда қолдану дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру.

Көптілді білім – үш немесе одан көп тілдерді параллельді түрде игеру негізінде көптілді тұлғаны қалыптастырудың мақсатты ұйымдастырылған үдерісі.

Үштілді білім – оқыту пәні және оқыту құралы ретінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерін параллельді түрде игеру үзіліссіз үдерісі (бірінші жағдайда – бұл мектеп тіл пәндері, екінші жағдайда – жеке тілдік емес пәндерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде зерделеу).

Этномәдени білім кеңістігі – бұл отбасы, ана мектебі, мектепке дейінгі балалар мекемелері, мектептер, ЖОО, ұлттық-мәдени орталық, кружоктар, курстар. Олар құрылым тұрғысынан қарағанда үш үйлесімді өзара байланысқан бөлімдерден тұру керек: институционалды (мектептер, ЖОО және т.б.), институционалдықтан тыс (курстар, кітапханалар, радио және т.б.), формалдық емес (отбасында оқыту және тәрбиелеу, достар, көршілер және т.б. қарым-қатынас жасау).

Лингводидактика – бұл тілдерді оқыту, дидактикалық мақсаттарға, зерделенетін материал міндеттері мен сипатына, монолингвизм (біртілділік) шарттарына, оқушылардың оқыту мен зияткерліктілік дамыту кезеңдеріне байланысты нақты бір тілді оқыту мазмұны, әдістері, құралдары ерекшелігінің жалпы заңдылықтарын зерттейтін тілді үйретудің жалпы теориясы.

Шетел тілі дидактикасы – тілдерді оқыту және игеру мақсаттарын теориялық негіздеумен, оқыту мазмұнын сұрыптау және ұйымдастырумен, кез келген гипотетикалық тұрғыдан мүмкін оқыту жағдайында кез келген тілді оқыту құралдары мен әдістерін қалыптастырумен айналысатын ғылым.

Нақты бір тілді оқыту әдістемесі немесе ішінара әдістемесі – меңгерілетін тілде оқытудың нақты шарттарын есепке алу арқылы қарым-қатынасқа деген қабілетін қабылдау және игеру (зерделеу) үдерісін зерттейтін ғылым саласы.

Мультилингводидактика – бұл жана көптілді дәуір тілдік қоғамдық мәдени ұстанымдарға бара-бар бірнеше тіл мен мәдениетті оқыту теориясы.

Этнолингводидактика – этномәдени білім кеңістігінде тілдерді параллельді түрде игеру үдерісін зерттейтін лингводидактика саласы.

Көп мәдени тұлға – өз мәдениеті арқылы басқаларға бағдарланған индивид. Ол үшін өз мәдениетін терең білу – басқаларға қызығушылық білдіру көрсеткішінің іргетасы, ал көбісімен танысу – рухани байыту мен дамыту үшін негіз болып табылады.

Этномәдениет субъектісі – бұл этникалық, мәдени, этноәлеуметтік рөлдік және азаматтық ұқсастықтың жоғары деңгейін қалыптастырған тұлға.

Этнос субъектісі – этноәлеуметтік құндылықтардың олардың жалпы адаммен диалектикалық бірлестігіндегі белсенді тасымалдаушысы, қайта құрушысы және трансляторы.

Тілдік тұлға – құрылымдық-тілдік күрделілігі, шындықты көрсету тереңдігі мен нақтылығы дәрежесімен, белгілі мақсатты бағытталуымен ерекшеленетін тілдік шығармаларды (мәтіндерді) жасауды және қабылдауды көздейтін адам қабілеттері мен сипаттамалары жиынтығы.

Екінші тілдік тұлға – мәдениетаралық деңгейде қарым-қатынас жасауға адамның қабілеті. Аталған қабілет зерделенетін тіл вербалдық-семантикалық кодын игеруден қалыптасады, атап айтқанда осы тіл тасымалдауыштарының «Тілдік әлем суретінен» (екінші тілдік сана-сезімді қалыптастыру) және «жаһандық (тұжырымдамалық) әлем суретінен».

Көптілді тұлға – бірнеше тіл: ана тілі; өмір сүру қоғамында қызмет көрсететін тілдер; бір немесе одан көп шетел тілі.

Көптілді білім индикаторлары – көптілді тұлғаның қалыптасу көрсеткіштері, критерийлері, өлшемдер жүйесі.

Көптілді білім мониторингі – білімалушылар әрекеті нәтижелері мен бірнеше тілді игеру және білу бойынша педагогтар әрекетін ғылыми-әдістемелік қолдауды психологиялық-педагогикалық бақылау жүйесі: ана тілі; өмір сүру қоғамында қызмет көрсететін тілдер; бір және/немесе одан көп шетел тілі.

Тілді игеру деңгейі – білім беру үдерісі субъектілерінің өзара ықпалдасу нәтижесі ретінде зерделенетін тілдегі коммуникативтік-тілдік дағдылардың түпкі жиынтығы.

Ана тілі – 1) ана тілі мағынасын білдіреді; 2) адам бала кезінен игерген бірінші тіл («бесік тілі»); 3) адамның ұлттық (этникалық) негізгі қасиеттерінің бірі; 4) тілді «ана тілі» ретінде анықтайтын критерийлер арасында:

Игеру тәртібі және түрін (ана тілі көбінесе бірінші және табиғи жолмен, арнайы оқытусыз, атааналарытасымалдаушыларынан игерілген тіл);

– Игеру сапасын (ана тілі көбінесе индивидтің ең жақсы тілі);

– Қолдану кеңдігін (ана тілі ең көп қолданылатын тіл); тілмен ішкі эмоционалды байланыстың болуы немесе болмауы (ана тілі ішкі тұрғыдан ең жақын болып анықталады, ол тілде поэзия және т.б жақсы қабылданады);

– Сыртқы ұқсастықты (индивидтің ана тілін басқалар қалай анықтайды) атауға болады.

Басқа тіл – 1) билингв өз ана тілінен кейін игерген тіл; 2) жазба тілі – этнос өмірінде жазбаша түрде қолданылатын жат тіл. Негізінде «жазбаша тіл» терминін халықтың қажеттіліктерін уақытша қанағаттандыратын сырттан келген жат тілге қатысты қолдануға болады.

Шетел тілі – адам әлеуметтік қоршаған ортадан тыс, бұл тіл қарым-қатынастың табиғи құралы болып табылатын ортадан тыс игерілетін тіл.

1 Қазақстандағы үштілді білімді дамытудың өзекті мәселелері

Соңғы жылдары үштілді білімнің кез келген аспектілері қазақстандық ғалымдар іске асырған ғылыми жобалар аясында зерттелді. Атап айтқанда:

– «Үштілді білімнің теориялық-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу (Жетписбаева Б.А., 2008 жыл);

– «Көптілді білімнің жаңа білім беру парадигмасы контексінде қызмет көрсетудің ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында ғылыми жобалар аясында іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүргізу (тақырып жетекшісі п.ғ.д. Кабдолова К.Л., Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2009-2011 жж.), «Көптілді білімді орта және жоғары мектеп жүйесінде ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету» (тақырып жетекшісі п.ғ.д. Булатбаева К.Н., Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2012-2014 жж.); «Мектеп-жоо» жүйесінде көптілді білім сабақтастығын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, «Шетел тілдерін ертеден оқытудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету», «Көптілді білім (колледж-жоо) жағдайында инженерлік кадрларды үзіліссіз тілдік даярлауды ғылыми-әдістемелік қолдау» (тақырып жетекшісі п.ғ.д., профессор Жетписбаева Б.А., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті).

Аталған зерттеулердің негізгі нәтижелері 100-ге жақын ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерде көрініс тапты. Ең маңызды нәтижелер:

– Мектептегі тілдік емес пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдары мазмұнын когнитивтік-коммуникативтік технологияларды есепке алу арқылы, мектеп пен жоо тілдік пәндер бойынша функционалды коммуникативтік технологияны есепке алу арқылы, мектептегі тілдік пәндер бойынша бірыңғай тақырыптық минимум мазмұнын, бейіндік мектепке арналған үш тілдегі оқулықтар мазмұнын жобалаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін;

– «мектеп-жоо» жүйесінде тілдерді оқытудың деңгейлік жобасы негізіндегі көптілді білім сабақтастығының дидактикалық негіздері;

– орта және жоғары мектепте көптілді білім алу үшін үш тілдік жүйелердің лексикалық-грамматикалық құралдарының;

– үштілді функционалды лексикалық-грамматикалық минимумның (орта және жоғары мектепте көптілді білім алу үшін);

– тілдік пәндерді оқытудың функционалды-коммуникативтік технологияларын және тілдік емес пәндерді оқытудың когнитивтік-коммуникативтік технологияларының жасалуына байланысты.

Жүргізілген ғылыми зерттеулер аясында:

– Қазақстанда көптілді білімді дамытудың негізгі стратегиялық желістері анықталған, Қазақстанның мектептері мен ЖОО көптілді білімнің қазіргі жағдайының сипаты суреттелген;

– «мектеп-жоо» жүйесіндегі көптілді білім сабақтастығы қағидасын іске асыруға байланысты педагогикалық мақсаттарға жетуге бағытталған үзіліссіз көптілді білім субъектілерінің көпдеңгейлі кешендердің (оқытудың дидактикалық бірліктерінен білім жүйесіндегі басқару құрылымдарына дейін) үйлесімдік жиынтығы ретінде өзара ықпалдасудың ұйымдастыру-педагогикалық жағдайларының мәңгі анықталды;

– үзіліссіз көптілді білім сабақтастығын негіздеудің теориялық алғышарттары анықталды; үзіліссіз көптілді білім педагогикалық тезаурус негізінде үзіліссіз көптілді білім үзіліссіздігі мен сабақтастығының, олардың үзіліссіз өзара байланысымен бірінші ұғымның шыңдығы екінші ұғымның сенімділігі мен дұрыстылығында көрініс табатын белгіленетін арақатынасын анықтауға мүмкіндік беретін зерттеудің ұғымдық аппараты жасалды: үзіліссіз білім білім сабақтастығын қамтамасыз ету үшін әр білім сатысында жүйе компоненттерінің байланысы, келісімділігі мен перспективалылығы (мақсаттары, міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары, нысандары) ретінде анықталады, ал сабақтастық үзіліссіз білім жүйесі негізіне басынан бастап алынған қағида болып табылады.

Соңғы идея өмір бойы оқытудың халықаралық деңгейдегі танымал уақытпен де, білім беру нысанымен де шектелмеген оқыту идеологиясына негізделеді. Үзіліссіз білім жобасы даму кезеңдері немесе сатылары арасындағы байланысты көздейтін және оның мәңгі жүйе ретінде тұтастық арқылы тұтастықтың түрлі элементтерін немесе оның жеке жақтарын сақтауды қамтитын сабақтастық қағидаларына негізделген. Жалпы, үзіліссіздік пен сабақтастық бала-бақшадан бастап дипломнан кейінгі және курстық оқытуға дейінгі оқыту барысында білім мақсаттары мен мазмұны бірыңғай жүйесін жасауды және қабылдауды жоспарлайды.

Жоғарыда көрсетілген қазақстандық ғалымдар еңбектерінде қолданбалы нәтижелерден басқа көптілді білімнің теориялық-әдістемелік аспектілері жасалады.

Осылай, көптілді білімді әдістемелік қамтамасыз ету ретінде этнолингводидактикалық көзқарас ұсынылған (Жетписбаева Б.А., 2008 ж.). Ол негізгі қағидалар, арнайы әдістер мен ерекше құралдар жиынтығы болып табылады.

Негізгі қағидалар:

- 1) «білімді екі рет қабылдау» қағидасы;
- 2) Этномәдени білім кеңістігінде өзара байланыс жасайтын тілдердің функционалды белсенділігі қағидасы;
- 3) Білім мазмұнындағы тілдердің баланстандыру қағидасы;
- 4) Көптілді білім үзіліссіздігі мен сабақтастығы қағидасы.

Арнайы әдістер:

- 1) Абстрактылыдан нақтылыққа жылжу әдісі;

2) Түрлі тілдерді этномәдени білім кеңістігінде өзара ықпалдасатындартын қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес қолдануды мотивациялау және ынталандыру әдістері;

3) Білім кеңістігін нақты аумақтың әлеуметтік-лингвистикалық жағдайына сәйкес тілдерді зерделеу бойынша ұйымдастыру әдістері.

Арнайы құралдар арасында:

1) Білім ұйымдарында оқытудың бірнеше тілдердің параллельді түрде қызмет көрсетуі;

2) Материалдық сыйақы және моральдық көтермелеу;

3) Көптілді білім саласында оқу-ұйымдастыру құжаттарын құрастырудың бәріне ортақ ережелерді жасауды жеке атауға болады.

Көптілді білім берудің концептуалды негізін анықтаудағы шеттілдік білім берудің теориялық ережесінің маңызы зор. Орасан зор ғалым-лингвист С.С.Құнанбаеваның «Қазіргі шеттілдік білім беру: әдіснамасы және теориясы» монографиясында жаңартылған когнитивті-лингвомәдениеттанулық әдіснама негізінде шеттілдік білім беруді жаңғырту идеясы алынған. Сәлима Сағиқызы Құнанбаева басқаратын әдістемелік мектеппен шеттілдік білім берудің жалпыеуропалық және ұлттық моделдер мен стандарттарды үйлестіретін халықаралық-бейімделген ұлттық шеттілдік білім беру жүйесі енгізілген. Білім беру саласындағы Мемлекеттік саясаттың негізгі бағытына, 2015 жылға дейінгі Білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасына сәйкес, сонымен қатар, әлемдік білім беру жүйесін дамытудың озық үдерістерін ескере отырып, Сәлима Сағиқызының жетекшілігімен әдіскерлермен білім беру жүйесінің барлық кезеңдерінде ШТ меңгеру деңгейіндегі біртұтастық пен сабақтастықты қамтамасыз ететін, мемлекеттік тілдік саясат негізінде шеттілдік білім беруді кешенді жаңғыртудың «ҚР Шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасы» әзірленді. Осы «ҚР Шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасы» негізінде шеттілдік білім беру жүйесінің түрлі деңгейлері мен буындарына арналған шет тілдік оқулықтар сериясының негізіне жататын шет тілі оқулығының моделі құрылды.

Қазіргі талаптарға сай қазіргі инновациялық-түрлендірулік жүйе мен жаңғыртылған жоғары кәсіптік білім беру моделіне қойылатын қазіргі талаптарға сәйкес талдау және сыни ұғыну негізінде С.С. Құнанбаевамен салалық жоғары білім беруді әдіснамалық-негізделген жаңғырту платформасын көрсететін кәсіби шеттілдік білім берудің құзыреттілік моделдеу негізі және шеттілдік кәсіптік жоғары білім беруді түрлендіру үшін стратегиялық бағыт жүйесі әзірленді.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті қазіргі еңбек нарығы сұраныстарына сәйкес және мамандар даярлаудың 3 сатылық халықаралық-стандарттық талаптарын ескере отырып, шеттілдік және халықаралық бағыттар бойынша білім беру

бағдарламаларын бір мезгілде бейімдеумен бакалавриат және магистратура мамандықтары наменклатурасын кеңейтеді.

С.С.Құнанбаева жетекшілігімен жүргізілген: «Қазақстан ғаламдық мәдениетаралық және тілдік қауымдастықта (қазақ тілі және әлем тілдері)» және «Әлемдегі білім беруді интернационализациялау жағдайында жоғары білім беру жүйесін универсализациялау моделі және механизмі» жобалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасының инновациялық дамуы үшін ерекше өзекті және маңыздылықпен сипатталады.

Дегенмен ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу жоспарында жоғарыда атап көрсетілген Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті базасындағы ОӘБ Кеңесімен бекітілген (Хаттама №1 25.02 2006ж.) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілген «Қазақстан Республикасында шеттілдік білім беруді дамыту тұжырымдамасы» ерекше маңызға ие болды.

Осы тұжырымдама бағдарламалық құжат ретінде халықаралық-стандарттық талаптарға сәйкес шеттілдік білім беруді кешенді және терең жаңғыртуды қамтамасыз етеді. Осы жаңғыртудың идеясы деңгейлік модел формасы. Осы модел авторларының пайымдауы бойынша деңгейлердің нақты санын анықтау және олардың әр типтегі оқу орындары үшін мазмұндық аспектісі есебінен сабақтастық, үздіксіздік принциптерін және шеттілдік білім берудің сапасын, ілгерілемелі даму сапасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Осы құжат әр деңгей үшін шеттілдік оқығандықты бақылаудың халықаралық-стандарттық механизмін және отандық шет тіліне оқыту жүйесінің пәндік мазмұнын үйлесімді біріктіреді.

Көптілді білімнің тұжырымдамалық негіздерін анықтау үшін шетел тілде білім алудың теориялық ережелерінің маңызы зор. Бұл саладағы ғылыми зерттеулер нәтижелері қазақстандық ғалымдардың мына еңбектерінде көрініс табады: «Шетел тілін халықаралық типтегі мектептер жағдайында игерудің халықаралық-стандарттық деңгейлерді қалыптастырудың инновациялық жобасы» (Кулибаева Д.Н., 2003), «Қазіргі шетел тілді білім: әдіснамасы мен теориясы» (Құнанбаева С.С., Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар мен әлем тілдері университеті, 2005)

Аталған зерттеулердің көптілді білім үшін маңыздылығы, шетел тілін тілдік емес пәндерді оқыту барысында қолдануда көрініс табатындығында. Сондықтан мәдениетаралық-коммуникативтік құзырет шетел тілінде білім алудың түпкі сапалы нәтижесі ретінде көптілді білімнің әдістемелік базасында өз орнын табады. Бұл жерде мақсат ретінде «шетел тілін оқыту» емес, «Шетел тілінде білім алу» қарастырылады, осыған қатысты мазмұны ретінде тек қана прагматикалық білім, дағды, қабілеттері ғана емес,

сонымен қатар тіл мен мәдениетті қоса зерделеу барысында шетел тілі құралдарымен тұлғаны дамыту болып табылады. Сондықтан шетел тілінде білім арудың деңгейлік жобасының пәндік-мазмұндық жобасының негізі, аясында шетел тілін меңгерудің жеткілікті деңгейіне жетуді және кәсіби бағдарланған шетел тілінде білім алуға ауысуды қамтамасыз ететін сөйлеу тақырыптары мен типтік жағдаяттар құрамы анықталатын коммуникативтік сала болып табылады.

Жалпы, аталған жұмыстарды талдау тілді үш негізгі тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді:

- 1) Тіл этнодифференциялайтын белгі ретінде;
- 2) Тіл ғылым пәні ретінде;
- 3) Тіл оқыту құралы мен пәні ретінде.

Бірінші жағдайда көптілді білімнің теориялық алғышарттары этнологиялық мәдениеттану, әлеуметтану ғылымдарының ережелерімен байланысты, екіншіде – лингвистикалық теориялармен, және үшіншіде – оқытудың жалпы теориясы ретінде дидактикамен.

Лингводидактикалық аспектке сондай-ақ психолингвистика мен әдістемеді жүргізілетін «тіл» және «сөйлеу» түсініктерінің жіктелуі өзекті болып табылады. Мектеп білім беру жүйесі қазіргі уақытта ұйымдастыру, сондай-ақ мазмұнды сипатта түбегейлі өзгерістерді бастан кешуде.

Қазіргі әдістемеді жүзеге асырылатын екінші/үшінші тілдерге коммуникативті оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру оқыту мақсаттарын, оның мазмұнын тілдік және коммуникативті құзіреттілік арқылы айқындалуын талап етеді.

Тіл мен сөйлеуді шектеу бұл түсініктердің оқыту процесіне енгізудің теориялық алғы шарты болып табылады. Олардың жіктелуі тілді игеру бір жағынан тіл бірліктері мен оларды құру ережелерін игеруді болжамдаумен, екінші жағынан өнімді сөйлеу және құрастыру дағдылары мен әдеттерін қалыптастырумен негізделген.

С.И.Ожегов «Тіл – қоғамда қарым-қатынас, пікір алмасу және адамдардың өзара түсінісу құралы болып табылатын және ойлау жұмысын объективтендіретін дыбыс, сөздік және грамматикалық құралдар жүйесі» - деп «тілге» анықтама береді.

Тіл құрауыштарға бөлінетін бірлікті білдіреді. Бұл құрауыштар өзара бір-бірімен әрекеттесіп, жүйені құрайды, осыдан тіл-жүйе келіп шығады.

Тілдің адамдардың қарым-қатынас құралы, сезім мен ойларды қалыптастыру және білдіру құралы, жаңа ақпаратты, жаңа білімді игеру құралы екендігі белгілі. Алайда, сезім мен санаға нәтижелі әсер етуі үшін осы тілдің иесі оны жақсы меңгерген болуы керек.

Сөйлеу пәнаралық түсінік, ол лингвистикалық, психологолингвистикалық және әдістемелік әдебиетте кездеседі. «Таза лингвистикалық негізде тіл мен сөйлеудің сәйкестігін түсіну күрделі – деп

атап көрсетеді А.А.Реформатский. Сөйлеуді тілмен қарсы қоя отырып, сөйлеу деп сөйлеу дағдысын, сөйлеу актіні және сөйлеу нәтижесін және тіпті сөйлеу қызметінің өзін – тіл қабілеті мен тілдік әрекеттің өзін атап көрсетеді».

Лингвист үшін тіл мен сөйлеуді салыстыру маңызды. Ол үшін тіл ұжым санасында нақты ойларды, сезімдерді, тілектерден басқаға назар аударту үшін бейнелейтін және адамдардың қарым-қатынасына қызмет ететін материалды бірліктердің жүйесі, ал сөйлеу, берілген нақты мазмұндардың (ойлардың, пікірлерін, көңіл-күйлерін, жағдайын, ерігін, тілегін және т.б.) талаптарына сәйкес және оның материалынан және заңдары бойынша құрылған тіл белгілерінің бірізділігі. Тіл қарым-қатынастың мүмкіндікке (ықтималдыққа) айналу құралы, сөйлеу – әрекеттегі (іске асырудағы) осы құралдар.

Тіл мен сөйлеудің осы шектеуін әдіскер де келтіреді. Сөйлеудің қызмет ретінде нені көрсететінін, сондай-ақ сөйлеудің туындауы мен қабылдану процесі қалай жүргізіліп жатқанын білу қажет. Сөйлеу әдістемелік зерттеудің нысаны ретінде тек қана оқыту (зерттеу) нысаны ғана емес, сондай-ақ оқыту құралы. Сөйлеу мен тілдің арасындағы қатынасты жеке адамның адамдық ойлау арасындағы қатынасқа ұқсататын белгілі көзқарас бар. Жеке адамның тілі жоқ, бірақ ол адамдардың жеке тілі ретінде ол өмір сүреді. Осылайша, тіл қоғамдық құбылыс ретінде өзінің функцияларын тек сөйлеуде ғана орындай алады. Сөйлеу тілге өмір сүруге мүмкіндік береді. Тілдің көмегімен сөйлеу процесіндегі әрбір жеке адамның санасы түсіну үшін ашық және қолжетімді болады.

Осы зерттеу үшін сөйлеу тек қана тілдің жәй манифестациясы ғана емес, жеке құрылымдық және функционалды ерекшелігі, «тілдік үстеме» деп аталатын нәрсенің бар туралы жалпыға танылған ереже маңызды.

«Тілдік үстемелі» құру және түсіну мәнмәтінде: сөйлеу мәнмәтінде, қарым-қатынас мәнмәтінде ғана мүмкін. Бұл дегеніміз, дәрісте оқытылған тіл материалы нақты немесе оқу мақсатында құрылатын тіл болмысына шығуы керек.

Бұл ретте тіл құзіреті тіл жүйесін игерумен, тіл материалының өзін игерумен сәйкестендіріледі, коммуникативтік құзіреттілік – бұл нақты реалды қарым-қатынастардың адекватты шарттарына, тілдік әрекеттеріне жеке бағдарламаларын тудыру және бөтенді түсіну үшін қажетті білім, әдеттер мен дағдылар.

Оқыту процесінің коммуникативтік бағытылығы егер зерттеу мақсаты орыс тілі болып табылатын жағдайда ғана қамтамсыз етіледі, сәйкесінше курстың құрылымы, мазмұны тілдің негізгі функциясы – сөйлеу қатынасы құралы ретінде анықталады. Бұл мектептегі оқытудың негізгі мақсатын тіл қызметінің негізгі түрлерінде (сөйлеу, жазу, оқу, дыбыстау), салаларда, нысандарда әдеттер мен дағдыларды қалыптастыру

және жетілдіркі тану керек. Бұл өз кезегінде оқу пәні курсы құруға принципіалды басқа (дәстүрлімен салыстырғанда) тәсілді талап етеді.

А.Ю.Купалованың пікірі бойынша сөйлеу практикасына оларды зерттеу беруі мүмкін тіл туралы ғылым туралы негізінен емес, оларға сөйлеу қызметінің жетекші дағдылары мен әдістерінен саналы жұмысты қамтамасыз етуі мүмкін теориялық материалды сұрыптауға қарай жылжу керек.

Мектепке ауызша және жазбаша нысанда сөйлеу қарым-қатынасын еркін жүзеге асыру дағдысы жұмысын алдын алатын және қамтамасыз ететін, қоғаммен жасалған сөйлек әрекеті ережелерін қолданатын, әртүрлі сөйлеу жағдайларында ана тілінің ресурстарын мақсатты пайдаланатын ана тілінің коммуникативті бағытталған курсы қажет.

Қазіргі мектепте екінші/үшінші тілді оқыту курсы сөздік құрауыштан айырылған деп айту дұрыс болатын шығар. Алайда, мектеп оқушыларының сөйлеу қызметінің жеке аспектілерін дайындайтын қазіргі зерттеу әдістерін мәтін лингвистикасын, сөйлеу қызметінің теориясын, коммуникативтік лингвистикасын қарқынды дамыту фондында қазіргі уақытта бағдарламалар деректері болжамданатын жұмыстардың көлемі, мазмұны, сипаты бойынша іске асыруға берілетін уақыт көлемі анық жеткіліксіз.

Коммуникативті лингвистика немесе қарым-қатынас лингвистикасына тілдің сөйлеу әрекеттерінің жүйесі және мәтін жүйесі, құрылым бірліктері жүйесінің жиынтығы ретінде тілді кеңінен түсіну: жалпы қарым-қатынас, коммуникация мәнмітінің тілді қамтитын қызметтік тәсіл басымдылығын тану; осы қызметті жүзеге асыратын құралдардың жетекші рольдерін тану тән. Зерттеу орталығында сөйлеушінің ұстанымы, оның коммуникативтік ынтасы, тіл арқылы оларды білдіру әдістері, қарым-қатынасқа қатысушылардың ұстанымынан жағдайды бағалау, сондай-ақ сөйлеушілердің қызметінде коммуникативтік үйлесімге қол жеткізу үшін сөйлеу тактикасы мен стратегиясы тұр.

Өкінішке орай, оқыту тәжірибесінде біріңғай курстарының екі аспектілерін дәстүрлі автономды үйрену және тиісінше жеке сабақтарды (тілдер мен сөйлеуді дамыту теориясы) жүргізу, сөйлеу қызметін оқышларды тілін дамыту бөлек мүмкін емес. Егер де сөйлеуді дамыту әдістемесін курсы жеткілікті дәрежеде терең болса, жазбаша сөйлеу қатынасында грамматикалық тақырыпты зерттеу проблемасы сөйлеу аспектіінде өзінің шешімін талап етеді.

Қатаң әдеби тілге дәстүрлі оқыту оқушылардың тілдік ментальдығын демек коммуникативтік мүмкіндіктерді едеуір тарылтады және кедейлендіреді. Осы проблема МАПРЯЛ Конгресінің бірінде белсенді талқыланған болатын. Егер де тілді лингводидактикалық сипаттау қажеттілігі, соңғы уақытқа дейін шет тілдеріне (орыс тілін екінші тіл

ретінде) оқыту әдісіне қатынасы бойынша қаралып келсе, Қазақстанның қазіргі тіл жағдайында, ал егер кеңірек – коммуникативті сұраныстарға бағытталған тілді (ана тілі, шет тілін) оқыту әдісін ескере отырып, орыс тілін ана тілі ретінде оқыту әдістемесі үшін өзекті. Мұны, Л.В.Щербада көре білген: «Әдебиет тілі барлық уақытта да халықтар үшін күнделікті ауызекі тілмен сәйкес келмеген және сол немесе басқа дәрежеде «шет тілі» болып табылады.

Аталған және басқа (әлеуметтік-экономикалық өмірде, кәсіби әрекеттегі өзгерістерге икемділігі мен бейімділігі, шетел тілін кәсіби мақсатта қолдануды көздейтін көпмәдениетті әлемде өмір сүру қабілеті) қағидаларын іске асыру этнолингводидактикалық көзқарасқа негізделген нақты мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін тиісті әдістері мен арнайы құралдарын талап етеді.

Этнолингводидактикалық көзқарас көптілді білімнің өзекті мәселелерін ғылыми зерттеу негізінде алу орынды, өйткенді бұл жағдай көптілді білім практикасы үшін бірыңғай тұтыс жүйеде және бірыңғай тұжырымдамалық негізде ғылыми тұрғыдан негізделген ұсынстарды жасауға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, педагогикалық ғылымда көптілді білім контексінде тілдер қатынасына нақты жауап беру керек. Осылай, қазақстандық білім алудың нақты практикасында «бірінші тіл», «екінші тіл», «үшінші тіл» ұғымдары жиі кездеседі. Бұл жағдай жағымсыз терминологиялық бостандыққа әкеп соғады, өз кезегінде ол әлеуметтік және мемлекеттік құндылық ретінде тілдің бейтараптығына әкеледі, ал сонымен қатар «ана тілі», «басқа тіл», «шетел тілі» жалпы қабылданған ұғымдар бар. Сондықтан, «қазақ тілі ана тілі ретінде», «қазақ тілі басқа тіл ретінде», «орыс тілі ана тілі ретінде», «орыс тілі бөтен тіл ретінде» ұғымдарды қолдану керек. Сонда «ана тілі» және «мектепте оқыту тілі» ұғымдардың араласуы болмайды, өйткені көпұлтты Қазақстан мектептерінде оқыту тілі ана тілімен сәйкес келмейтін көптеген этнос балалары оқиды.

Сондықтан терминдер мен ұғымдардың екі түсінуіне жол бермейтін үштілді білім бірыңғай тезаурусын жасау маңызды болып табылады. Бұл мәселе бағдарламалық құжаттарды қабылдауда өте маңызды.

Сонымен қатар, тілдерді осы аспектіде зерделеу қазақ/орыс тілдерін бөтен тіл ретінде оқыту дидактикасын» жасауды талап етеді. Көптілді білім аясында «Көптілді білім жағдайында пәндер мен дисциплиналады ағылшын тілінде оқыту дидактикасын» жасау қажеттілігі өзектендіріледі.

Қазақстанның педагогикалық ғылымы үштілді білім ұлттық контентті есепке алу арқылы тілдерді ертеден оқыту және қоса оқытудың ғылыми негіздерін жасауы тиіс. Оған байланысты балалардың жас, психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін қатал есепке алатын тілдірді ертеден оқыту әдістемесін жасау қажет.

Шетел тілдерін ертеден оқыту үшін бірыңғай әдіснамалық платформасының жоқтығы мектепке дейінгі және мектеп білім ұйымдарымен ағылшын тілін оқытудың ұлттық жағдайларына сәйкес келмейтін, білімалушылар әрекеті жоспарланған нәтижелері туралы нақты көзқарасының жоқ және шетел тілдерін ертеден оқыту бойынша білім беру қызметтерінің жүйеленбеген нарығын дамытусыз шетел оқыту бағдарламалары мен оқу материалдарын еркін таңдауға әкелді. Бұл жағдай үштілді білім алу аясында ертеден оқытуды толық қамтамасыз етуге қабілетті кадрлар құрамы тапшылығымен күрделенеді, бұл ағылшын тілін мектепке дейінгі және бастауыш мектепте оқыту сапасына жағымсыз әсер етеді. Сондықтан, оқу үдерісіне жеке, жекешелендірілген тәсілдерді енгізу емес, жаңа әдіснамалық шешім, шетел тілдерін ертеден оқытудың ғылыми негізделген технологиясын жасауға және оны әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осқан байланысты үзіліссіз үштілді білім алу аясында тілдерді ертеден оқыту жүйесін жасау және оның қызмет көрсетуін ғылыми негіздеуді, сонымен қатар, қазақстандық үш тілді білім алу жағдайында шетел тілдерін ертеден оқыту технологиясын жасауды қажет етеді.

Сонымен қатар, ағылшын тілін ертеден оқыту бағдарламасын іске асырудың теориялық негізделуі және әдістемелік қамтамасыз етуі шетел тәжірибесін зерделеу және жалпылауды есепке алу арқылы шетел тілдерін ертеден оқытудың фрагментарлы түрде қалыптасқан бірыңғай жүйеге келтіруді қамтамасыз етеді, бұл жағдай, екі бағытта: құрылымдық және мазмұндық бағытта іске асырылатын, көптілді тұлғаны қалыптастырудың жоғары сапасы мен тиімділігін көздейтін үзіліссіз шетел тілінде білім алуды және білім алу бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта қазақстанда жүргізілетін ғылыми зерттеулерді талдау үш тілді білім алу қазақстандық контентін есепке алу арқылы шетел тілдерін ертеден оқытудың ғылыми әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін зерделеуді көрсетеді.

2011-2020 жылдарға арналған тілдерді дамыту және қолдану мемлекеттік бағдарламасы стратегиялық міндет ретінде мемлекетті тілді оқытуды ынталандыруды қарастырады. Мотивацияның аталған мәселесі мақсатқа бағытталған ғылыми жасалу мен негізделуді талап етеді.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтымен «Білім беру саласындағы тілдердің үштұғырлығы ғылыми негіздері мен тұжырымдамасының жобасы» атты ғылыми-зерттеу жобасы (жетекшісі А.М. Фазылжанова) орындалды. Нәтижесі мемлекеттік және орыс тіліндегі «Білім беру саласындағы тілдердің үштұғырлығы тұжырымдамасы» жобасы болып табылады. Нәтижелердің **жаңалығы** қазіргі Қазақстан жағдайында мемлекеттік тіл(қазақ), ұлтаралық (орыс) тілінің әлеуметтік

рөлінің өзекті мәселелерінің лингвистикалық әзірлемесіне арналуымен анықталады. Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кешенді ғылыми-лингвистикалық негіздеу және тұжырымдама жобасын әзірлеу ұсынылады.

«ҚР білім беру саласындағы үштілділік», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы үштілділік», «Орта білім беру саласындағы үштілділік», «ҚР жоғары білім беру және басқа мемлекеттік органдар саласындағы үштілділік» зерттеулер нәтижелерін Мәдениет және спорт министрлігінде, Ақпарат және байланыс министрлігінде, Білім және ғылым министрлігінде еліміздегі мемлекеттік тілдік саясатты жүзеге асыру үшін тілдік құрылым және елді дамыту бойынша ұзақ мерзімді жобалар әзірлеуде, елдегі ұлттық тілдік саясатты қалыптасқан жағдайды бағалау мақсатында қолдану ұсынылады.

Білім мазмұнын, тілдік білім алудың жаңа парадигмасын жаңартуға байланысты жаңа формациядағы педагогтарды даярлау мәселесі маңызды мәселе болып табылады да, көптілді білім жағдайында жұмыс жасай алатын педагогтың тұжырымдамалық жобасын қалыптастыруды көздейді. Қазіргі педагог инновациялық-педагогикалық әрекеті үшін, өз біліктілігін үнемі жетілдіру және арттыру үшін тұлғалық және кәсіби құзыреттері кең спектріне ие болу керек.

Көптілді білім саласында ғылыми зерттеулердің өзекті бағыты болып инженерлік мамандықтарда білімалатындардың тілдік дайындығы мәселесі болып табылады, бұл мәселе жаңа формациядағы инженерлерді даярлаудағы ұлттық экономиканы дамыту үшін маңыздылығы анықталатын Қазақстанның тездетілген инновациялық-индустриалды дамыту, «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыру, «100 нақты қадам» ұлт жоспары мәселелерін шешу қажеттілігін көздейді. Әлем практикасындағы үздік тәжірибе бүгінгі таңда евроинженерді инженерлік білім еуропалық стандарттарына сәйкес қарастырады. Қазақстан үшін осы стандарттар анықтаған деңгейге шығу үзіліссіз және мақсатты түрде шетел тілдерін, бірінші кезекте, ағылшын тілін игеру арқылы мүмкін, ағылшын тілін білу инженерлік кадрлардың қажетті құзыреттерін еңбек халықаралық нарығы талаптарына сәйкес қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Отандық ғалмдардың ғылыми зерттеулерін талдау көрсеткендей қазіргі уақытта іске асырылатын жобалар аясында:

– инженерлік кадрларды үзіліссіз тілдік даярлау құрылымы теория жағынан үштілді білімге ауысу арқылы негізделген, бұл мәселе зерттеудің келесі кезеңінде оның жаңа мазмұнын жобалауға мүмкіндік береді;

– интеграцияланған масатты, міндеттерді, қағидаларды, мазмұнын және деңгейлер бойынша жекешелендірілген инженерлік кадрларды үзіліссіз тілдік даярлау нәтижелерді көрсететін, инженерлік кадрларды «колледж – жоо жүйесінде үзіліссіз тілдік даярлау мәселелерін әрі қарай

зерттеу үшін бастапқы позициясын анықтауға мүмкіндік беретін инженерлік кадрларды үзіліссіз тілдік даярлаудың теориялық жобасы жасалды;

– Қазақстан Республикасында аталған дайындықтың құрылымы мен мазмұнын тұжырымдамалық негіздеуге, сонымен қатар халықаралық стандарттарға сәйкес инженерлік білім алуды диверсификациялау механизмін қамтамасыз етуге бағытталған инженерлік кадрларды үзіліссіз тілдік даярлау тұжырымдамасы жасалды.

Осылай, қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулер аясында үштілді білімнің қолданбалы, сонымен қатар теориялық-әдіснамалық аспектілері жасалуда.

29 ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындар және 3 ғылыми ұйым қатысқан мониторинг қорытындысы барлығы 22 ғылыми жоба орындалғанын, олардың қорытындысы бойынша ЖОО, колледждер және мектептердің оқу процесі үшін:

- 3 монография;
- 17 оқулық, оның ішінде электрондық;
- 46 оқу құралы;
- 10 ғылыми-әдістемелік құрал;
- 42 әдістемелік ұсыныс (оның ішінде әдістемелік басшылық, әдістемелік нұсқаулар);
- 14 пән бойынша оқу-әдістемелік кешендер;
- 14 сөздік, оның ішінде 9 терминологиялық, 1 тақырыптық, 3 анықтамалық-сөздік;
- 12 нормативтік сипаттағы құжат, оның ішінде 8 типтік оқу бағдарламалары, 2 модульдік оқу бағдарламалары, 1 жоба білім саласында үштұғырлы тіл Тұжырымдамасы және 1 жоба ҚР оқу телевизиясы контентін құру Тұжырымдамасы дайындалғанын көрсетеді.

Атап айтқанда, ғылыми зерттеу материалдары бойынша жарияланымдар алынған нәтижелердің мазмұны ғана емес осы нәтижелерді енгізу көлемі туралы да түсінік береді. Осы негізде келесідей тұжырымдар жасауға болады:

1) монография өкілдері өздерінің ғылыми қызығушылық алаңында үштілді білім беру мәселесін ұстайтын, барлық ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтың игілігі болып табылады;

2) толық көлемде бұл Тұжырымдама немесе оның жобалары бағдарламалық құжатқа жатады, бірақ мұнда оның қолданылу және енгізілу аясы айтарлықтай кеңейеді;

3) үлгілік оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, оқу-әдістемелік кешендер негізінен, өзінің қолданылу саласын: белгілі білім беру деңгейінде, немесе нақты жоо, колледж, мектептер деңгейінде,

жоғары немесе техникалық кәсіптік білім берудің бір мамандық деңгейінде біраз шектейді.

Көбінесе, әртүрлі тарату деректері бола тұрып, ғылыми зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары өз қолданушылары үшін қолжетімділікке шек қойылған жағдайда қалады. Осы айтылғандардан талданған ғылыми жобалар нәтижелерін білім беру тәжірибесіне енгізудің түрлі деңгейі бар екенін көруге болады.

Негізінен, жүргізілген мониторинг мәлімдейді:

1. тек орта білім беру ұйымдарының ғана емес, техникалық және кәсіптік, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу процесі үшін сүйеніш ретінде сап түзейтін үштілді білім беру идеясын тәжірибеде біршама табысты жүзеге асыру үшін теориялық-әдіснамалық база жеткілікті;

2. зерттеудің қолданбалы нәтижелері нүктелі енгізіледі, өздерінің нақты адресаттары бар.

2 Қазақстандағы үштілді білім саласында ғылыми зерттеулердің мақсаты мен міндеттері

Үштілді білім, көпқырлығы мен көпаспектілігіне байланысты түрлі ғылыми мектептер ғалымдарының назары көрініс табатындығын қажет етеді.

Үштілділіктің маңызды даму факторы ретінде этнолингвистика саласындағы зерттеулер болып табылады. Бұл ғылымның пәндік саласында тілдердің әсер етуі, қолдануы мен даму мәселелерінің рационалды тіркесу мәселелері бойынша білім беру практикасы үшін ғылыми тұрғыдан негізделген ұсыныстар мен нұсқамалары жасалуы тиіс.

Сонымен қатар, лингводидактика саласында мақсатқа бағытталған зерттеулер қажет. Тілдерді оқытуға байланысты мәселелерді ғылыми-зерттеу арсеналы толық жиынтығымен қоса зерделеу қажет, сонымен қатар теориялық көзқарастар мен ғылыми гипотезаларды эксперименталды түрде тексеру қажет.

Үштілді білімнің теориясы мен практикасы ғылыми-педагогикалық цикл логикасында жасалуы қажет: үштілді білім алуды ұйымдастырудың педагогикалық жағдайларын қалыптастыратын жалпы педагогикалық заңдары мен заңнамаларын, теориялық көзқарастары мен қағидаларын анықтау. Бұл мақсаты мен міндеттерін қалыптастыруға, мазмұнын таңдауды негіздеуге, сонымен қатар үштілді білімнің әдістері, нысандары, құралдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Ғылыми-зерттеу жұмысы, Қазақстан Республикасындағы тілдік білім практикасы ана және мемлекеттік (қазақ) тілдерінің, ана және орыс тілдерінің, ана және шетел тілдерінің, мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдерінің, мемлекеттік (қазақ) және шетел тілдерінің, орыс және шетел тілдерінің балансын орнатуға бағдарлану қажет кезде, көптілді тұлға категориясын зерделеуді көздейді.

Осы салада практикалық іске асырудың негізгі механизмі ретінде «білімді екі рет қабылдау» қағидасы болып табылады: нақты тілдік пәндерді зерделеу арқылы тілдік білім алу (қазақ, орыс, ағылшын) және жеке пәндерді оқыту, мысалы, ағылшын тілінде, ғылыми жаратылыстану пәндерін (физика, информатика, химия, биология), әлеуметтік гуманитарлық пәндерді – қазақ немесе орыс тілдерінде.

Үштілді білім педагогикалық инноватика ретінде жаңалықтарды еңгізу үдерістеріне объективті түрде тән қателер мен қате есептеулер тәуекелін максималды түрде төмендетуге мүмкіндік беретін өзгертілген жаңа жағдайда білім субъектілерінің толыққанды әрекетін қамтамасыз ететін арнайы жүйені жасауды қажет етеді.

Жалпы, үштілді білім саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу еңгізілетін білім инноватикасының теориялық-әдістемелік негіздеріне

бағытталуы қажет. Сондықтан, тілдік жағдаятты талдау, тілдерді ертеден оқыту мәселелерін зерделеу, үштілді білім аясында функционалды сауаттылықты дамыту, тілдік пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен оқулықтардың коммуникативтік бағытталуы, үштілді білім дидактикасының, көптілді оқыту және көптілді тұлғаны қалыптастыру позитивті отандық және шетел тәжірибесін зерделеу және жалпылау мақсатымен педагогикалық әлеуметтік-лингвистикалық, лингводидактикалық зерттеулерді жүргізуді қамтамасыз ету қажет.

Теориялық-әдістемелік ережелердің жүйелі жиынтығы ретінде үштілді білім аясында ғылыми зерттеулер жүргізу мақсаты үштілді білім жүйесін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстарды жасау болып табылады.

Үштілді білім аясында ғылыми зерттеулер жүргізу **міндеттері:**

- үштілді білімді іске асырудың қазіргі жағдайлары мен мүмкіндіктерін талдау;

- дидактикалық жаңалықтарды еңгізуді объективті түрде бағалау, олардың қажеттілігін, шынайылығы мен сенімділігін негіздеу;

- мәдениетаралық, кәсіби-бағдарланған құзыреттерге ие, мәдениеттер диалогы аясында өзіңөзі көрсетуге қабілетті көптілді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған үштілді білім теориясы мен практикасын байыту.

3 Үштілді білім алу саласындағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары

Үштілді білім алу саласындағы ғылыми зерттеулердің бағыттарын біз Қазақстан Республикасында көптілді білімді дамыту тұжырымдамасын анықтайтын көптілді білімді дамытудың басты бағыттарына сәйкес ұсындық:

1. Үштілді білім жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі;
2. Үштілді білімді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
3. Үштілді білімді оқу-ұйымдастыру қамтамасыз етілуі;
4. Үштілді білімнің лингводидактикалық аспектілері.
5. Үштілді білім жүйесін бағдарламалық қамтамасыз етілуі;

3.1 Үштілді білім жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі

Үштілді білім жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі мақсаты үштілді білімді іске асыру жағдайында білім мекемелері әрекетін реттеу болып табылады.

Үштілді білімнің құқықтық даму негізін Қазақстан Республикасындағы тілдік саясат саласындағы заңнамалық құжаттар құрайды. Сонымен қатар, қолданыстағы құжаттар үштілді білімнің нақты және әлеуетті мүмкіндіктерін толық көрсетпейді. Үштілді білім жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі, алдымен, жалпы тілдік білім мазмұнын қайта қарастыруды жоспарлайды, ол үшін Қазақстан Республикасы білім жүйесіндегі үштілдікті есепке алу арқылы тілдерді зерделеуді реттейтін құжаттар пакетін жасауды қажет.

Үштілді білім жүйесін нормативтік-құқықтық базасын интенсифті түрде байыту:

– қазақ тілін мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейтуге, орыс тілінің әлеуметтік-лингвистикалық белсенділігін сақтауға, әлем кеңістігіне интеграциялау құралы ретінде ағылшын тілін дамытуға бағытталған білім және тілдік саясат саласындағы заңнамалық үдерістерін жетілдіру;

– үштілді білімді ұйымдастыру бірыңғай нормалары мен регулятивтерін, әр оқу мекемесіне қажет көлемде тұжырымдамалар, бағдарламалар, жоспарларды қамтитын құжаттар кешені ретінде қарастырылатын білімнің отандық жүйесі әр сатысының ерекшелігін есепке алу арқылы қалыптастыру;

– қазақ, орыс, ағылшын тілдерін игеру деңгейлеріне бірыңғай талаптарын, білім жүйесі барлық тізбектері арасындағы мазмұндық сабақтастығын (тігінен) және субъектілер қатынастарының процессуалды үзіліссіздігі мен синкреттілігін (көлденен) қамтамасыз ететін жаңа

мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарын жасау және қабылдау есебінен іске асырылады.

Нақты педагогикалық шындықта үштілді білімді дамыту перспективалары, біріншіден, мемлекеттік тілдік саясатымен анықталады да:

- қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде арнайы кәсіби, әлеуметтік-саяси, мәдени ақпаратты алу саласында белсенділігін күшейту арқылы бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру;

- орыс тілінің ТМД елдерінде халықаралық қатынастардың ресми тілі ретінде мәртебесін бекіту (обір ғана делдал тілін қолданудың объективті қажеттілігі, ал тарихи факторларға байланысты бұл қызметті орыс тілі атқарады);

- ағылшын тілінің қазақ орыс қостілділік деңгейіне жеткізу (үштілділік – бұл элитаға ғана арналған шындық емес) бағытталады.

Осы көзқарастың негізі ретінде көптілді білімнің жетекші идеясы болып табылады. Бұл негіздеме этнолингводидактикалық көзқараспен қамтамасыз етіледі де, білім жүйесінде зерделеу және аталған көзқараста біріктіріліп көрсетілген қағидалар, әдістер, құралдар негізінде жоспарлы және біртіндеп қолдану тұрғысынан жоғарыда аталған тілдер мүмкіндіктерін «теңдестіреді». Олардың кейбірі:

- «білімді екі рет қабылдау» өзектендіру қағидасы;

- этномәдени білім кеңістігінде тілдердің функционалды белсенділік қағидасы;

- білім мазмұнында мемлекеттік және ресми тілдерінің баланстандыру қағидасы;

- сонымен қатар, этномәдени білім кеңістігінде өзара ықпалдастық жасайтындардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес түрлі тілдерді қолдануды мотивациялау және ынталандыру әдістері; мемлекеттік және ресми тілдерін нақты аумақтың әлеуметтіклингвистикалық жағдайына сәйкес зерделеу бойынша білім үдерісін ұйымдастыру әдістері.

Аталған қағидалары, әдістері мен құралдары жиынтығын іске асыру орыс тілін бөтен тіл ретінде және үш негізгі еуропалық тілді (неміс, француз, ағылшын) шетел тілдері ретінде оқыту мәселесі жақсы анықталған тілдік білім саласындағы отандық және шетел тәжірибесіне бейімделу механизмдерін қалыптастыру және оны шығармашылық тұрғыдан қайта қарастыру үшін мүмкіндік береді. Деңгейлік жобаларды жасау, мәдениетаралық-коммуникативтік, кәсіби-бағдарланған тілдік құзыреттерді, тілдерді игеру халықаралық стандарттық талаптарын анықтау және т.б. Бүгінгі таңда ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтың кең дәрісханасы жетістігі болып табылады. Ғалым педагогтары мен практик педагогтарының әлеуметтік ұтқырлығы мен инновациялық

әрекетіне деген бейімділігіне қатысты бұл тәжірибе олардың белсенді тану және сынды пайдалану барысында.

Оқыту құралы және пәні ретінде теориялық және қолданбалы аспектілерінің жасалуын талап ететін қазақ тіліне ерекше назар аудару қажет. Орыс тілін кеңінен қолдану негізінде ағылшын тілінің белсенді еңгізілуі салдарынан аталған фактіні дұрыс түсіну, бүгінгі таңда үштілді білімді теориялық-әдістемелік қамтамасыз ету аясында қарастырылуды қажет ететін қазақ тілі лингводидактикалық негіздерін арнайы зерттеудің белсенділігін арттыру үшін әдістер, құралдарды іздеу және таңдауды өзектендірді.

Үштілділік идеясы Қазақстан Республикасының 2011-2020 жж. арналған мемлекетті тілді оқыту әдіснамасын жетілдіру және стандарттау қажеттілігін өзектендіретін тілдерді қолдану және дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көрініс тапты. Аталған бағдарламадағы ұсынылған деңгейлерді бөлуде, бастауыш сынып оқушылары мемлекеттік тілді А1 деңгейде, орта буын оқушылары — А2 деңгейде, жоғары сынып оқушылары, техникалық және кәсіби білім мекемелері — В1 деңгейде, жоғары оқу орындары студенттері — В2 деңгейде, магистранттар — С1 игеруі қажет екендігі көрсетілген.

Үштілді білім аспектісінде бүгін Қазақстанда:

– мемлекеттік тілді «балабақша — мектеп — колледж — жоғары оқу орны» жүйесінде үзіліссіз деңгейлеп оқыту стандарты жасалды (Ы.Алтынсарин ат.ҰБА, 2014), онда қазақ тілін бөтен тіл ретінде тілдерді игерудің жалпы еуропалық оқыту шегіне (cefr) сәйкес оқыту деңгейлері (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) анықталған, қазақ тілін оқыту мазмұны мен сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша игеру деңгейлері қойылатын талаптары көрініс табады.

– жалпы, стандартта ұсынылған деңгейлері Қазақстан Республикасында тілдерді қолдану және дамыту мемлекеттік бағдарламасы ережелеріне сәйкес келеді; шетел тілде білім алудың бірыңғай ұлттық жүйесін жасауға бағытталған шетел білім деңгейлік жобасы іске асырылуда (Абылай хан атындағы ҚазХКЖӨТУ, 2006). Аталған жоба, бастауыш және орта мектеп, мамандандырылған мектептер, тжэб ұйымдарына, тілдік және тілдік емес жоо, сонымен қатар магистратура үшін шетел тілінде білім алу деңгейлері мен мазмұны анықталған Қазақстан Республикасы шетел тілінде білім алуды дамыту тұжырымдамасында ұсынлған.

Сонымен қатар, орыс тілін оқыту ұқсас стандарты әлі күнге дейін жасалмаған. Сондықтан білім жүйесінің барлық деңгейлеріне тілдерді игеру деңгейлері бойынша түпкі нәтижелеріне біліктілік талаптарын унификациялау объективті түрде күрделі.

Басқаша айтқанда, үштілді білім үш тілді параллельді түрде игеруді көздейді, бірақ, барлық үш тілді стандартты оқытудың болмауы үштілді білімнің бірыңғай әдіснамалық платформасын, бірыңғай нормативтік-басқару және мазмұндық базасын, бірыңғай бақылау-бағалау механизмін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты орыс тілін бөтен тіл ретінде оқыту-деңгейлік жобасын және осы үш жоба негізінде Қазақстан Республикасында тілдірді деңгейлеп оқытудың бірыңғай стандартын жасау қажет.

Осындай стандарт идеясы 2008 жылдың өзінде Абылайхан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдер университетімен Қазақстан Республикасындағы «Тілдердің үштұғырлығы» ұлттық жобасын жүзеге асыруды қамтамасыз ету бойынша ұсынылған Тұжырымдамамен (2008 жылы Абылайхан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті жанындағы «Шет тілдері» мамандық топтары бойынша РОӘК секция мәжілісінде бекітілді) салынған еді. Осы стандартты әзірлеу үздіксіз бірізді және өзара байланысты тілдік білім беру жүйесі ретінде Қазақстан Республикасында тілдік білім берудің жалпыконцептуалдық базисін құруға бағытталуы тиіс. Авторлардың пікірі бойынша осындай стандарт құру келесілерге мүмкіндік береді:

- біріңғай сәйкестендірілген білімдік лингво және әлеуметтік мәдени кеңістік және үш тіл мен білім беру деңгейлері бойынша үйлестірілген тілдік білім берудің орталықтандырылған басқару жүйесін құру;

- осы стандартта а) олардың пәндік мазмұнын терең оқығандық деңгейінің максималды санын ұсыну; б) қазақ тілінің барлық базалық әлеуметтік-функционалдық және кәсіби-салалық регистрлерін (мемлекеттік басқару, іс-жүргізу, заңнама, сот ісін жүргізу, іскерлік, ресми, халықаралық, ғылыми, қоғамдық, кәсіби-салалық салаларда және т.б. қызметтерде) қамту; в) тілдердің үштұғырлығының қажетті және объективті негізделген функционалдық қатысын қамтамасыз ету; г) мемлекеттік тілдің дамуын басым қамтамасыз етумен тілдік саясатты мемлекеттік реттеу мәселелерін жоспарлы шешуді қамтамасыз ету; д) қазақ тілін оқыту әдісі мен технологиясын интерактивтік-коммуникативтік рөлске мақсатты бағыттау және жедел ауыстыру; е) тілдік және тілдік коммуникативтік негізді – негізгі әлеуметтік-коммуникативтік және функционалдық сала бойынша тезаурустарды саралау және ұйымдастыруды қамтамасыз ету; ж) оқытудың әр әлеуметтік-коммуникативті саласында жоғарыда көрсетілген саралау негізінде нормативтік база құру көрсетілуі тиіс тілдің мемлекеттік және әлеуметтік маңыздылығына және қажеттілігіне байланысты мемлекеттік тілдің басым рөлін қамтамасыз ету.

Әрине, тілдерді оқытуды стандарттау, тілдерді оқытудың процессуалды-технологиялық аспектілерін, оның ішінде оқу жетістіктерін

бағалау үдерістерін, сонымен қатар тілдік білім мазмұны сабақтастығын қарастыратын тілдік мектеп пәндері мен жоо пәндері бойынша жаңа типтік оқу бағдарламаларын жасауды көздейді.

Басқаша айтқанда, типтік бағдаламаларда әр деңгейі бойынша білім мазмұнынан басқа тілді сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша практикалық игеруге қойылатын талаптар және тілді игеру деңгейін бағалау формалары мен критерийлері нақты анықталған.

Үштілді білім саласында *ғылыми зерттеулер мақсаты* аталған бағыт аясында:

– қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде рөлін күшейтуге, ағылшын тілін әлем кеңістігіне интеграциялау құралы ретінде дамытуға бағытталған білім және тіл саясаты саласындағы заңнамалық үдерістерін жетілдіруге;

– әр оқу мекемесіне қажет көлемде тұжырымдамалар, бағдарламалар, ережелер, жоспарларды қамтитын құжаттар кешеңі болып табылатын отандық білім жүйесінің әр сатысы ерекшелігін есепке алу арқылы үштілді білімді ұйымдастырудың бірыңғай нормалары мен реттеуіштерін қалыптастыру;

– қазақ, орыс, ағылшын тілдерін игеру деңгейлеріне бірыңғай талаптарын, білім жүйесі барлық тізбектері арасындағы мазмұндық сабақтастығын (тігінен) және субъектілер қатынастарының процессуалды үзіліссіздігі мен синкреттілігін (көлдеңен) қамтамасыз ететін жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарын жасау;

– тілдерді деңгейлерге бөліп оқыту мазмұнын жасау – бастауыш мектеп, негізгі орта мектеп, бейіндік мектеп; сонымен қатар тілдерді игеру деңгейлеріне және оқыту нәтижелерін бағалау жүйесіне қойылатын талаптарды анықтауға;

– қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша оқу бағдарламаларын үштілді оқыту контексін есепке алу арқылы жасауға бағытталу керек.

– ҚР білім берудің барлық деңгейінде үш мақсатты тілді меңгеру жүйесін сәйкестендіруге бағытталған Бірыңғай тілдік стандарт әзірлеу

3.2 Үш тілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету

Үш тілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бірінші кезекте оқыту қызметімен байланысты, сондықтан оны дамытудың негізгі бағыттары болып табылады:

– тілдерге оқытудың, оларды үйрену және қоса зерттеудің әлеуметтік, мәдениеттік, тарихи, психологиялық, лингвистикалық, дидактикалық және басқа аспектілерін қамти отырып кешенді кәсіби қызметін жүзеге асыруға қабілеті үш тілде білім беруді іске асыру үшін педагогикалық кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру. (*үш тілде білім беруді кадрлық қамтамасыз етуі*);

○ тілдерді (қазақ, орыс, ағылшын) оқыту мәселесін, сондай-ақ жеке пәндерді ағылшын тілінде оқытылуын кешенді қамтитын үш тілде білім берудің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу және жетілдіру (*үш тілде білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз етуі*);

Сондай-ақ көптілді білім берудің оқу-әдістемелік ілеспе жасауды инновациялық-педагогикалық қызмет ретінде түсіндіруге болады, себебі мамандарды даярлау үрдісін жаңартусыз, сондай-ақ оның дидактикалық базасынсыз, мақсатты бағытталған жаңа енгізілімдерсіз білім берудің бұл саласы толыққанды және нәтижелі жұмыс істей алмайды және дамымайды.

Білім беру процесінде педагог әруақытта да жетекші фигура болып табылады. Сондықтан білім беру жүйесінде инновациялық процесстерді ұйымдастыру үшін оның біліктілігі, оның кәсіби дайындығы, тұрақты және қарқынды дамушы педагогикалық болмыста өзінің қызметін жүзеге асыруға оның дайындығының айтарлықтай маңызы бар.

Осыған байланысты бірінші кезекте үш тілді білім беру жағдайында оқытуға қабілетті жаңа формация педагогының үлгісін жасау қажет, бұл педагогтың кәсіби образы саласында ғылыми тұжырымдамаларын зерттеуді, оның кәсібиграммасын, оның тұлғасының құрылымдық-функционалдық үлгілерін жасауды талап етеді және жиынтық түрде оның кәсіби қызметінің құраушы компоненттерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Үш тілді білім беру жағдайында педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық аспектілерін зерттеу ғылыми зерттеулердің өзектігі болып табылады. Зерттеулер:

– үш тілді білім беру жағдайында педагогтарды даярлаудың теориялық-әдіснамалық базасын анықтауға;

– үш тілді білім беру жағдайында педагогтарды даярлау үшін этнолингводидактикалық тәсілдің маңыздылығын негіздеуге;

– үш тілді білім беру жағдайында педагогтарды даярлау үлгісін жасауға;

– үш тілді білім беру жағдайында педагогтарды даярлаудың лингводидактикалық қамтамасыз етілуін қалыптастыруға бағытталуы керек. Осының негізінде жасалады:

– үш тілді білім беру жағдайында педагогтарды лингводидактикалық даярлаудың әдістемесі;

– үш тілді білім беру жағдайында педагогтарды лингводидактикалық даярлау нәтижелерінің мониторинг жүйесі;

– үш тілді білім беру жағдайында педагогтарды лингводидактикалық даярлау бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Қазіргі әлеуметтік мәдени жағдай ерекшеліктерін ғаламдық деңгейде түсінумен түсіндірілетін болашақ мұғалімнің лингвистикалық даярлығы мәселесі арнайы зерделеуді қажет етеді. Бүгінгі күні қоғамдық танымда және қызметте адамдық фактор қазіргі мәселелерді шешуді анықтаушы

ретінде негіздемеге ие, адамның өзіндік құндылық идеясы, оның тұлғалық адамгершілігін құрметтеу қажеттілігі, рухани тәжірибесі, бірегейлікке құқығы, танымы мен өмірлік қызметтегі таңдауы сипатталады.

Педагогикалық қызмет – бұл адами шығармашылық қызмет және мұнда «адамдық өлшем» ол фундаменталдық мәнге ие. Лингвистикалық даярлық мәселесі сөзсіз пәндік-бағытталған нәтиже шеңберінен шығып, өзінде тұлға дамуының кең контексті, полилингвалды білім беру орта жағдайында басқа тұлғаны дамыту мақсатында жұмыс істеуге қабілеттілігі мен дайындығын анықтайтын болашақ мұғалімді даярлаудың біртұтас, кәсіби-тұлғалық жүйесін қалыптастырумен сипатталады. Осындай мұғалімді қалыптастыру оқыту процесінде лингвистикалық компонентті күшейтуді талап етеді.

Бұл болашақ мұғалімге кәсіби қызмет субъектілерінің ұлттық менталитетті ескеруін, осы территорияда өмір сүретін халықтардың салттары мен дәстүрлерін білуді және т.б. талап ететін полилингвалды білім беру ортасы жағдайында өтетін кәсіби – педагогикалық қызмет ерекше жауапкершілік жүктейді. Осыдан болашақ мұғалімнің кәсіби мәдениетін қалыптастырудың табанды қажеттілігі пайда болады.

Осы бағытта зерттеу жүргізудің бастапқы ұстанымы, зерттеу процесінің тиімділігін анықтайтын, зерттеу проблематикасы арсеналын кеңейтетін және бір мезгілде нақтылайтын, кәсіптік білім берудің теориясы мен практикасының қажеттілігін көрсететін өзекті мәселелерді шешуді енгізетін оның ғылыми-теориялық негізін әзірлеу болуы қажет. Проблемаларды пайымдау зерттеу процесі мен оның нәтижесі – педагогикалық білім жүйесіне байланысты болатын педагогикалық құбылысты тану логикасын анықтайтын зерттеудің негізгі теориялық ұстанымын әзірлеуді талап етеді.

Үштілді білім беру жағдайында тілдік емес пәндердің болашақ мұғалімдерінің кәсіптік қызметіне қатысты арнайы білім, білік және дағдылары базалық пәндермен байланысты арнайы пәндік салалармен анықталады. Оқыту пәні туралы айтқанда, біздің жағдайда олар ең алдымен математикалық және жаратылыстану ғылыми циклдардың тілдік емес пәндері болып табылады. Үштілді білім берудің ерекшелігі ол міндетті түрде тек академиялық қана емес арнайы мақсаттар үшін де шет тілін еркін меңгеруді талап етеді. Сонымен қатар, осы жиынтықта болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының базалық мазмұны ретінде психологиялық-педагогикалық пәндер саласындағы білімі міндетті түрде өз орнын табуы тиіс. Кәсіби қызмет саласындағы пәндік білімнің күрделі кескіні мектепте тілдік емес пәндерді шет тілінде оқытумен байланысты міндетті түрде этнолингводидактика саласындағы білімді талап етеді.

Бұл ғылыми зерттеулер:

– заманауи педагогикалық ғылым мен білім беру тәжірибесін байытуға ықпал етеді, себебі олар көптілді білім берудің әдіснамалық негізі ретінде этнолингвадидактикалық көзқарастың әдістері ментәсілдерін, қағидаларын дамытуға ықпал ететін болады;

– жоғары оқу орындарында педагогикалық кадрларды даярлау жүйесін дамытуға, себебі олар үш тілді білім беру жағдайында педагогтарды даярлаудың лингводидактикалық қамтамасыз ету есебінен кәсіби білім берудің теориясы мен әдістемесін жетілдіру үшін нақты алғы-шарттар жасайды;

Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруды жоспарлы ұйымдастыру мақсатында үш тілді білім беруді іске асыру үшін білім беру ұйымдарының барлық деңгейлерінде педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу қажет. Бұл тапсырманы шешу сондай-ақ дидактикалық жаңа енгізілімдерді игеру бойынша талаптарды есепке алумен педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының жаңа бағдарламаларын жасаумен және жұмыс істеп жатқан курстарды жаңғыртумен байланысты.

Үш тілді білім берудің мақсаттарын іске асырудың табыстылығы үшін білім беру процесінің дидактикалық құрауышын күшейту қажет.

Бастауыш мектептен бастап барлық оқу пәндерінің оқу-әдістемелік кешендерін жетілдіру, қазақстандық қоғамдастық үшін қалыпты қазақ-орыс және орыс-қазақ билингвизмды дамыту үшін жағдайлар жасау мәселесі өзінің жүйелі шешімін таппай отыр. Бұл ана тілінде бастауыш білімді алудың маңыздылығы мәселелеріне де қатысты.

Бастауыш білім беру курсына ана тілі емес және шет тілін енгізудің реттілігі әлі күнге дейін қызу пікірталас тақырыбы болып отыр. Басқа тілдерге (ана тілі емес және шет тіліне) оқытудың жастық шегі мәселелері шешілмеген: мектепке дейінгі жастан немесе ана тілінің әліппе бағдарламасын игергеннен соң бастау керек пе, басқа тілдерді ерте оқудың қауіпі бар ма, бұл жас мектеп оқушысының ақыл-ойының дамуына қаншалықты қауіпті, бұл қауіптер қаншалықты негізделген. Бұл ретте бір нәрсе ғана күмәнсіз – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қарқынды үйренудің ертте институционалдығы.

Мектептің орта және жоғарғы буынында мемлекеттік тіл ана тілі болып табылмайтын оқушылар мен үйренушілердің ділін есепке алумен қазақ тілінде әзірленген және орындалған қазақ тілі; қазақ әдебиеті; Қазақстан тарихы және Қазақстан жағрафиясы бойынша оқу-әдістемелік кешендерді кезең-кезеңімен қолдау үшін нақты жағдайлар жасалмаған.

Орыс тілі және орыс әдебиеті бойынша оқу-әдістемелік кешендерде дешамамен осындай жағдай. Айырмашылығы, орыс тілін ана тілі емес ретінде оқыту тәжірибесі қазақ тілімен салыстырғанда біршама тиімді

жағдайда екендігінде. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейін қазақ тілін ана тілі емес ретінде оқыту лингводидактикада ғылыми қызығушылық тудырмаған болатын. Сондықтан орыс тілді емес мектептерге арналған орыс тілі және орыс әдебиеті бойынша оқу-әдістемелік кешендер түбегейлі қайта қарауды емес, жалпы тілдік білім берудің өзгерген тәжірибесін ескеру көзқарасынан жетілдіруді ғана талап етеді.

Қазақ және орыс тілдері, ағылшын тілі секілді әртүрлі тіл туыстықтарына жататындығына қарамастан, алғашқы екеуі тығыз байланысты үш жүзжылдық тарихы және бірыңғай графика – кириллицамен негізделген ортақ байланыс тамырымен бірігеді. Ағылшын тілімен жағдай өзгеше, көптілдік білім беру тұжырымдамасына сәйкес мектеп оқушыларын математикаға және жаратылыс ғылымының жеке пәндеріне оқыту күтіп тұр. Әлемдік қоғамдастыққа интеграциялану тілі ретінде ағылшын тілімен байланысты білім берудің бұл аспекті түбегейлі педагогикалық инновацияларды талап етеді.

Үш тілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету аясында үш тілді білім беру саласындағы **ғылыми зерттеулер** бағытталуы керек:

– көптілді білім берудің позитивті шетелдік тәжірибесін зерттеу және қорытындылау және оны отандық білім беру жүйесіне бейімдеу бойынша ғылыми негізделген ұсынымдарды әзірлеу;

– үш тілді білім беру жағдайында тіл емес пәндердің болашақ мұғалімдерін лингвистикалық даярлау әдістемесін жасау және ғылыми негіздеу;

– екінші тілде оқыту әдістемесін әзірлеу (жаратылыс-ғылыми пәндерді/сабақтарды ағылшын тілінде, Қазақстан тарихын, қазақ әдебиетін- қазақ тілінде және т.б.);

– оқу материалдарын (біріктірілген оқу-әдістемелік кешендерді) ағылшын тілінде және оларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу;

– тіл мен пәнге біріктіріп оқыту әдістемесі бойынша жоо оқытушылары мен мектеп мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курстары, семинар-тренингтердің бағдарламаларын дайындау;

– тілдерге (қазақ, орыс, ағылшын) кәсіби бағыттап оқыту мазмұнын жасау және ғылыми негіздеу;

– үш тілді білім беру жағдайында жұмыс жасау үшін педагогикалық мамандық студенттерінің тіл дайындығы технологияларын әзірлеу;

– үш тілді білім беру жағдайында оқушылардың оқу жетістіктері нәтижелерін бағалау механизмдерін дайындау;

– тілдерге оқытудың инновациялық технологияларын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдарды дайындау;

– үш тілді білім беру жағдайында оқытуға қабілетті педагогтың үлгісін жасау;

- үш тілді білім беруді есепке алумен жоо педагогикалық мамандықтарының білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту (білім беру бағдарламаларының әдістемелік модульдарын жасау және т.б.);
- үш тілді білім беру жағдайында педагогтарды даярлаудың этнолингводидактикалық қамтамасыз етілуін дайындау және теориялық-әдістемелік негіздемесі;
- кәсіптік-салалық қажеттіліктер үшін қазақ тілінде оқулықтар әзірлеу;
- әр түрлі санаттағы қолданушылар үшін өзін-өзі даярлауға арналған оқу құралдары мен өздігінен үйреткіштер әзірлеу.

3.3 Үш тілді білім беруді оқу-ұйымдастырулық қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасында тілдік білім беру жағдайын талдау оның мемлекеттік және қоғамдық құндылық ретінде түсінілуінің нәтижесінде үш тілді білім беруді іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалып жатқанын айқындауға мүмкіндік береді.

Оқыту сапасын жақсартуға, оның қоғамның барлық саласында жұмыс істелуін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасы жүзеге асуда.

Өзге тілді білім беру саласында мазмұндық және ұйымдастыру жағынан едеуір позитивті өзгерістер жүріп жатыр, білім берудің барлық деңгейлерінде шет телдеріне деңгейлік оқытуды енгізу оның куәландыруы болып табылады.

Тілдік білім беру процесін ақпараттық-техникалық жарақтандыру едеуір жақсарып келеді: мектептер мен жоо мультимедиялық лингофонды кабинеттермен, интербелсенді тақталармен және өзге мультимедиялық аппаратурамен жабдықталған.

Тілдік білім беруді ұйымдастыруда қол жеткізген жетістіктерге қарамастан республикада шешімі ғылыми негізделген ұсынымдарды талап ететін белгілі проблемалар бар.

Көптілді білім берудің мәні инновациялық-педагогикалық қызмет ретінде негізделген болғандықтан, ұйымдастыру-басқару аспектілері бүгінгі күні ғылыми-педагогикалық білім берудің жаңа салаларын көрсететін *педагогикалық менеджмент және педагогикалық инноватиканың* теориялық көзқарасынан әзірленуі керек.

Үш тілді білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді осы процесті басқарудың ерекше акті ретінде қабылдау керек. Бұл үшін үш тілді білім берудің аясында педагогикалық қызмет туралы деректер базасын құру және дамыту үшін тиісті мониторингті жүзеге асыру қажет.

Ақпараттың ағысын жинау және өңдеу, деректердің мықты базасына ене отырып, үш тілді білім берудің сол немесе өзге мәселелері бойынша

тиімді басқару шешімдерін қабылдауға, оның процесі мен нәтижелерін үнемі бақылау мен қадаалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты үш тілді білім беру саласында ғылыми зерттеулердің маңызды бағыты – оның мониторингін негіздеу мен жасау болып табылады.

Үш тілді (жәй ғана тіл және басқа тілде ғана емес) білім беру туралы сөз болып жатқандықтан, белгілі лингвосоциумда бірнеше тілдердің ара қатынасы туралы ұмытпаған жөн. Онда осы мәселенің этникалық жағы туралы мәселенің туындауы орынды, себебі теңдей дәрежеде монолингвиалды, сондай-ақ полилингвиалды болуы мүмкін осы этнолингвосоциум объективті түрде өмір сүреді. Сондықтан көп тілді тұлға тұжырымын жасау кезінде көптілді тұлға, этномәдени субъектісі түсініктерін ескермеу мүмкін емес, себебі біріншісі өзінің мәдениеті арқылы өзге мәдениетке бағытталған индивид ретінде анықталады, өзінің мәдениетін теерң меңгеру ол үшін басқаларға мүдделі қатынастардың іргетасы, ал көппен танысу рухани юаю және даму үшін негіз болып табылады; екінші түсінік этникалық, мәдениет, этноәлеуметтік рольдік және азаматтық сәйкестіліктің жиынтығы негізінде анықталады; үшінші түсінік этноәлеуметтік құндылықтардың жалпы адамзаттық құндылықтармен диалектикалық бірлікте жаңартушы және таратушы, белсенді иеленуші ретінде түсініледі.

Үш тілді білім беруді оқу-әдістемелік қамтамсыз етуді дамыту аясында аса проблемалы, демек перспективаласы оған *ақпараттық-технологиялық қызмет көрсету* болып табылады.

Перспективті дамыту аймағында бұл сыныптық-дәріс берудің жүйесіне балама мектептік білім берудің ұйымдастыру үлгілері мен технологиялары жүйесін іздеуде көрінеді. Бұл тақырыпта біздің көзқарасымыз бойынша ХХ ғасырдың бірінші жартысында түрлендірілген ОҰӘ - оқытудың ұжымдық әдісі идеясы өзектендіріледі. Бұл жүйенің айрықша ерекшелігі, оқушы тұлғасының күнделікті өмірде ары қарай қолданумен оқу-танымдық ақпаратты өз бетінше алу, өңдеу, өз бетінше білім алуға белсендіретінықтимал мүмкіндіктерін өзектендіру болып табылады. Нақты осы жүйе автономды оқытуға қабілеттерін дамыту басымдылығына акцент қойып отырған Қазақстанның қазіргі жоғары оқу орындарында оқытудың кредиттік технологияларымен мектептегі білім берудің сабақтастық байланысын қамтамсыз етуге қабілетті.

Біз көптілдік білім беру идеясының инновациялығын атап өткенбіз, сондықта оның орбитасына тартылған оқу орындары жұмыс істеу жағдайынан даму режиміне өте бастайды. Бұл педагогикалық инноватика теориясында *жұмыс істеу* мен *дамудың* өзгерістердің екі типі ретінде қаралатынын білдіреді. Бірінші типтің өзгерісі пәнге қатысты сапалы жаңаның пайда болуына аалып келмейді. Екінші типтің өзгерісі

нәтижесінде осы пәнге қатысты бұрын болмаған сапалы жаңа пайда болады.

Даму теориясының қазіргі түсінігінде жұмыс жасау бір кеңістіктегі даму ретінде қаралады, ол абсолютті кезеңдік қайта жаңғырудың болмайтынына қарамастан мүмкіндіктердің өсуімен ерекшеленбейді. Бұл, кезеңдік қайта жаңғыруда мүмкіндіктердің бірқатар өсуі бар екендігін білдіреді. Даму жүйенің сапалы өзгеруі, материалды және идеалды объектілердің қайтымсыз, бағытталған және заңды өзгерісі ретінде түсініледі.

Жинақталған тәжірибе, нәтижелі жаңарудың адамзат іс-әрекетінің жаңа түрлері мен әдістерінің (инновацияның) өзгеруі болып табылатын қоғамның рухани және материалды мәдениеті саласында олардың институционалды рәсімделуін, интеграциялануын және бекітілуін қамтамасыз ететін әлеуметтік-мәдени нормалар мен үлгілерге өзгеруі болып табылатын ұйымдасқан инновациялық процесс аясында ғана мүмкін екендігін көрсетті. Бұл процесс жаңа енгізілімдердің жаңашыл-педагогтардың тікелей тәжірибесі саласынан қоғамдық-тарихи тәжірибе саласына ауыстыру механизмын көрсетеді. Бұл толықтай үш тілді білім беруге де қатысты, оны қоғамдық-тарихи тәжірибеге ауыстыру келесі формаларда мүмкін болмақ:

а) практикалық қызметің нормалары ретінде ресімделген педагогикалық өндірістің жаңа өнімдерін прагматизациялау түрінде;

ә) үш тілді білім беру процесінде тұрақты туындайтын эмпирикалық инновацияларды ғылыми-теориялық түсіндіру түрінде;

б) жаңа ұрпақтарды әлеуметтендіру процесінде ұдайы өндіруге жататын мәдени нормалар мен үлгілер жүйесіне үш тілді білім беру аясында жүзеге асырылатын жаңа енгізілімдерді трансляциялау түрінде.

Қазақстандық қоғам бүгін өзінің әлеуметтік институттарының жаппай радикалды жаңару кезеңінде өмір сүріп жатыр. Осыған байланысты тағы бір беталыс – *педагогикалық технология* өзектендіріледі.

Бұл жерде инновациялық технологияларды түсіну аса маңызды, бар технологиялар уақыты өткен, ескірген үрдістерді, сондай-ақ жалпы әлеуметтік жүйені қолдау көрсете алмайтын жағдайда олардың маңыздылығы, қажеттілігі себепші болады. Инновациялық әлеуметтік технологиялар қоғамдық өмірдің өндіріс, басқару, саяси және рухани салаларын жүйелі жетілдіруде объективті қажеттілік туындайтын дағдарыс, өтпелі кезеңдерде жоғары динамикаға ие болады. Олардың даму векторы ерекше маңыздылыққа ие бола бастайды.

Осыған байланысты білім берудің, оның ішінде үш тілді білім беру технологиясы ғылыми білімнің әртүрлі салаларынан технологияларды қолдануды талап ететін қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайларға

педагогикалық қызметтің табыстылығы мен баламалағына кепілдеме беретін іс-әрекеттерді дәл қайта өндіру және ғылыми жоба ретінде түсініледі. Бүгінгі күні әлеуметтік ұйымның және өзара әрекеттің технологиялары, адамтану, ақпараттық, басқару, психофизиологиялық, ұлтаралық дауларды шешу технологиялары алға шығады. Керісінше қазіргі технологиялар жағдайында кертартпа, ескі ғылыми сыйымдылықпен ерекшеленетін технологиялар әлеуметтік ықпалдың ескірген әдістерін сипаттайды, әлеуметтік жүйені өзгерістерге ынталандырмайды. Әкімшілендіру, тәлімгерлік, жарысу, қоғамдық тапсырмалар және әлеуметтік ұым және әлеуметтік басқарудың бұрынғы типіне сәйкес келетін сондай технологиялар бүгінгі күні екінші орынға ығысады.

Осы ережелер үш тілді білім беруді іске асыруға арналған педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жаңарту кезінде басымдылыққа ие болады.

білім беру жүйесіне көптілділік идеясын енгізу механизмін әзірлеу қажетті болып табылады, ол келесі принциптерге сәйкес келуі тиіс:

- елдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы мен талаптарына сәйкестігі;
- халықаралық білім беру кеңістігіне бірігу процесінде ұлттық контентті сақтау;
- бірізділігі, кезеңділігі, кешенділігі және тұтастығы;
- көптілді білім беруді дамытудың мақсаты, міндеттері және негізгі бағыттарына сәйкестігі.

Қазақстандық қоғамның экономикалық және әлеуметтік жаңғыртылуының жетекші факторы қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен қамтамасыз етілген. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік құрылым бөлігі ретінде әлемдік қауымдастықта болып жатқан интеграциялық процестерге бағытталуға қабілетті тұлғаның қалыптасуында өзекті рөл атқаруы қажет.

Қазіргі білім беру кеңістігі мен халықаралық танылған идеялар үшін ең өзектісі білім беру түріне (формалды, формалды емес, информалды) тәуелсіз алдыңғы оқыту нәтижелерін тану қажеттілігіне құрылатын өмір бойы оқыту тұжырымдамасы болып табылады. Осы жағдайда көптілді білім берудің үздіксіздігі тілдік кедергілерді еңсермей тұрып ұлттық білім беру жүйесі субъектілерімен өзара байланыста соншалықты мүмкін болмайтын, жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігін қалыптастыруға бағытталған Болон Декларациясы принциптерімен үндеседі. Қазақстанның осы кеңістікке енуі ерекше түрде көптілді білім беру проблемасын белсендендіреді, рұқсат беру тиімділігі көп жағдайда осы жүйенің барлық деңгейлері мен буындарының тігінен сияқты көлденеңінен де сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты Қазақстанның жекелеген ЖОО мен мектептерінде фрагментті жасалған көптілді білім беру тәжірибесін біртұтас жүйеге келтірудің шұғыл қажеттілігі бар, ол оқу бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз етеді, елдің зияткерлік әлеуетін дамытудың маңызды факторының бірі ретінде көптілді тұлға қалыптастырудың жоғары сапасы мен тиімділігіне себепші болады.

Осы жағдайда *негізгі (бірінші) механизм* ретінде Көптілді білім беруді үздіксіз дамыту Тұжырымдамасын әзірлеу және қабылдау тұрады.

Үздіксіз көптілді білім беру тұжырымдамасының мақсат, міндеттерін жүзеге асыру үшін негіз ретінде қызмет ететін, бастапқы ереже жүйесін көрсететін бағдарламалық құжат ретінде тұжырымдаманы түсінуден шығатыны, ол Қазақстан Республикасындағы білім берудің жаңа парадигмасы аясында көптілділік идеясын жүзеге асыру стратегиясы мен тактикасын жасау үшін негіз болуы қажет.

Осы Тұжырымдаманың негізгі бағыттарын қолдағы бар тәжірибеден бөліп көрсетуге болады:

- 1) үздіксіз көптілді білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету;
- 2) үздіксіз көптілді білім беруді теориялық-әдіснамалық қамтамасыз ету;
- 3) үздіксіз көптілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- 4) үздіксіз көптілді білім беруді оқу-ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.

Келесі (екінші) механизм стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді, сонымен қатар, нақты кезеңдерді анықтаумен жоғарыда көрсетілген төрт бағыт бойынша ірілендірілген шаралар кешенін бөліп көрсетуді қажет ететін. Қазақстан Республикасында үздіксіз көптілді білім беруді дамытудың Стратегиялық жоспары болып табылады. Негізінен, Қазақстан Республикасында үздіксіз көптілді білім беруді дамытудың *мақсаты* үздіксіз білім берудің инновациялық, көптілділік моделін құру, ал стратегиялық міндеттер – 1) қазақ, орыс, ағылшын тілдерін деңгейлік оқытудың салыстырмалы моделін жүзеге асыру; 2) жаратылыстану ғылыми пәндерін ағылшын тілінде оқыту моделін жүзеге асыру; 3) көптілді оқыту ортасын қалыптастыру, 4) кадрлық және институционалдық қамтамасыз ету .

Сонымен бірге, әр міндет бойынша мақсаттық индикаторларды және көрсеткіштерді анықтауды қажет етеді. Мысалға, **орта білім беру үшін мақсатты индикатор**: 2020- жылға дейін Қазақстанның 700 мектебі үш тілде білім беруді ұсынады. Ал бірінші міндет көрсеткіші келесі түрде көрінеді:

– қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқытудың салыстырмалы моделін жүзеге асыратын көптілді мектептердің үлесі: 2015 жылға дейін – 35%, 2017 жылға – 65%, 2020 жылға – 100%;

– мектеп бағдарламасы аясында қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде еркін меңгеретін көптілді мектеп оқушылары контингентінің өсуі, жыл сайын 40%;

– мектеп бағдарламасы аясында орыс тілін еркін меңгеретін көптілді оқытудағы қазақ тіліндегі мектеп оқушылары контингентінің өсуі, жыл сайын 40%;

– мектеп бағдарламасы аясында ағылшын тілін еркін меңгеретін көптілді мектеп оқушылары контингентінің өсуі, жыл сайын 20%;

Үшінші механизм – бұл Стратегиялық жоспарға сәйкес әзірлеуді қажет ететін білім берудің негізгі деңгейі (орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру) үшін Үздіксіз көптілді білім беруді дамыту бағдарламалары.

Осы Бағдарламалар нормативтік және ресурстық базаларды қалыптастырудың бірізділігін анықтауы, барлық деңгейде көптілді білім беруді жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық жағдай жасауы қажет. Бұл көптілді білім берудің әрі қарай дамуы бойынша оқу процесін ұйымдастыруға және практикалық ұсыныстар әзірлеуге арналған тәсілдерді бір ізге салуға мүмкіндік береді. Шаралар кешені бағыттар бойынша және стратегиялық міндеттерге сәйкес топтастыруды қажет етеді. Мысалға, Қазақстан мектептерінде Көптілді білім беруді дамыту бағдарламаларында келесі шаралар қарастырылуы мүмкін:

– жаратылыстану ғылыми цикл пәндерін ағылшын тілінде оқытудың көп еңбекті қажет ететінін жоспарлаудың Үлгілік регламентін әзірлеу;

– көптілді мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың Үлгілік ережесін әзірлеу;

– көптілді мектеп басшылары мен мұғалімдеріне қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;

– көптілді білім беру жағдайында үш тілге қатар оқыту мәселелерін зерттеу.

Төртінші механизм үздіксіз көптілді білім беруді дамытуды институционалды қолдауға байланысты. Ол көптілді білім беру мәселелері бойынша Ұлттық ғылыми-үйлестіру кеңесін құруды білдіреді.

Осындай Ұлттық ғылыми-үйлестіру кеңесі басқа форматта: біршама ірі құрылымдық бірліктің жеке секторы, мысалға, білім беру реформалары бойынша Ұлттық ғылыми-үйлестіру кеңесі болуы мүмкін.

Осындай Кеңестің атқарушы органы Кеңес сессиясы арасындағы қажетті жұмыстарды жоспарлы жүзеге асыратын және мақсатқа сай ұйымдастырушылық құрылымға Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім

академиясын қосатын республикалық деңгейдегі Көптілді білім беру орталығы болуы қажет.

Осы ретте Қазақстанның ЖОО базаларында құрылған және қызмет ететін Көптілді білім беру орталықтары жүйелі-біртұтас бағыттылыққа ие болады. Сонымен қатар, осындай Орталықтарды облыстық білім басқармалары жанынан құруды қажет етеді.

Бесінші механизм барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының тиісті бағыттағы қызмет нәтижелерін қадағалау үшін Көптілді білім беру орталығымен жүзеге асатын көптілді білім берудің кешенді мониторингі болып табылады. Осындай мониторинг көптілді білім беру субъектілерінің: педагогтар мен білім алушылар қызметін кешенді қамтуы қажет. Сондықтан, оның құрылымы екі ірілендірілген блоктармен: оқу қызметі және оқыту қызметімен анықталады. Бірінші блок бөлімдері көптілді тұлға қалыптастыру компоненттерімен сәйкес жүйеленетін оқыту қызметінің нәтижелерін көрсетеді; екінші блок бөлімдері педагогтардың дәстүрлі және инновациялық қызмет нәтижелерін көрсетеді.

Көптілді білім берудің кешенді мониторингін әзірлеу және үнемі жүргізу оның сапасын біртұтас бақылау-бағалау механизмі болады.

Алтыншы механизм көптілді білім беру туралы сапалы ақпараттарға байланысты. Ол әр түрлі форумдарда (конференциялар, семинарлар, фестивалдар, олимпиадалар және т.б.), журнал басылымдарында, Интернет-ресурстарда және т.б. тәжірибе алмасуды талап етеді.

Жетінші механизм мемлекеттік тілді оқыту уәжін арттырумен байланысты. Ол барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының түгел педагогтары мен басшыларының, сонымен қатар, академиялық алмасу бағдарламалары бойынша Қазақстанда болатын барлық шетелдік азаматтардың «Қазтест» бағдарламасынан міндетті түрде өтуін талап етеді.

Осы бағыттың шеңберінде келесі бағыттар бойынша **ғылыми зерттеулерді жүргізу** ұсынылады:

- үш тілді білім беруді іске асыру мониторингы;
- үш тілді білім беру жағдайында көптілді білім беру ортасын қалыптастыру;
- үздіксіз үш тілді білім берудің педагогикалық үлгісін жасау;
- этномәдени білім беру кеңістігінде өзара әрекет ететін әртүрлі тілдерді сұраныстары мен мүдделеріне сәйкес қолданылуын ынталандыру және уәждемелеу әдістерін іске асыру;
- үш тілді білім беру жағдайында жұмыс жасайтын педагогтарды ынталандыру және көтермелеу механизмдарын жасау;
- инновациялық-педагогикалық қызмет ретінде үш тілді білім беруді дамытудың педагогикалық жағдайларын әзірлеу;
- үш тілді білім берудің стейкхолдерінің әлуеметтік әріптестік механизмдарын жасау;

- үш тілді білім беру жағдайында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім беру жүйесіне үштілділікті енгізу механизмін әзірлеу.

3.4 Үш тілді білім берудің лингводидактикалық аспектітері

Тілдерді деңгейлі оқытуды енгізу, тілі білімінің стандарттануы үш тілді білім беруге жаңа тәсілдерді талап етеді, олар бүгінгі күні келесі әдіснамалық қағидаларының жиынтығы ретінде айқындалады:

- үздіксіздік қағидаты үш тілді білім берудің деңгейлері (тігінен) арасында жүйенің барлық құрауыштарының (мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары, нысаны) келістілігі және перспективалығы, байланыс ретінде түсініледі;

- сабақтастық қағидаты үш тілді білім берудің деңгейлері (көлдеңінен) арасында жүйенің барлық құрауыштарының (мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары, нысаны) тұтастығын қамтамасыз ететін фактор болып табылады;

- «білімге қосарынан кіру» қағидаты тіл пәндерін зерттеу және тіл емес пәндерді оқыту тілі арқылы тілдерді параллельді игерілуін қамтамасыз етеді;

- этномәдени білім беру кеңістігінде байланысқа түсетін тілдердің функционалдық белсенділігі қағидаты қоғамның институционалды саласындағы сұраныстары мен мүдделеріне, тұлғаның және жеке әлеуметтік топтардың институционалды емес және бейресми салалардағы сұраныстары және мүдделеріне сәйкес әртүрлі тілдерді белсенді қолданылуы үшін жағдайлардың жасалуын білдіреді;

- білім беру мазмұнында мемлекеттік (қазақ) және ресми (орыс) тілдерінің теңгерімділік қағидаты нақты өңірдің әлеуметтік-лингвистикалық ерекшеліктерінің есепке алынуын білдіреді. Бұл екі тілге акцент Қазақстанның әртүрлі аймақтарында олардың функционалды белсенділігінің бірдей еместігімен мәжбүрлі болып отыр. Орыс тілінің еліміздің оңтүстік облыстарында белсенділігі төмен, ал солтүстікте қолдану саласы кеңдігі түсініліп отыр.

Осы және басқа қағидаттарды (әлеуметтік-экономикалық өмірде, кәсіби қызметте өзгерістерге икемділік және бейімділік, көпмәдениетті әлемде өмір сүру ептілігі, шет тілін кәсіби мақсаттарда қолдануды жобалайтын кәсібилену) іске асыру нақты мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін тиісті әдістер мен аранйы құралдарды талап етеді.

Мысалы, педагогикалық ғылым үш тілді білім берудің мәнмәтінінде тілдердің арақатынасына нақты жауаптар беруі күтіледі. Мысалы, қазақстандық білім берудің шынайы тәжірибесінде «бірінші тіл», «екінші тіл», «үшінші тіл» түсініктері кейде кездесіп жатады. Жалпы

қолданыстағы «ана тілі», «ана тілі емес», «шет тілі» түсініктері бар бола тұрып, бұл орынсыз, қажеті жоқ терминологиялық еркіндікке ықпал етеді, тілдің әлеуметтік және мемлекеттік құндылық ретінде айырылуына алып келеді. Сондықтан, мысалы «қазақ тілі ана тілі ретінде», «орыс тілі ана тілі ретінде», «орыс тілі ана тілі емес» ретінде түсініктерді қолдану керек. Сол кезде (ана тілі) және «мектептегі оқу тілі» түсініктерінің араласуы болмайды, себебі көптілді Қазақстанның мектептерінде оқу тілі әруақытта ана тілімен әруақытта сәйкес келе бермейді. Сондықтан терминдер мен түсініктердің әртүрлі түсінілуіне жол бермейтін үш тілді білім берудің біріңғай тезаурусын жасау маңызды. Бұл бағдарламалық құжаттарды қабылдау үшін маңызды.

Бұдан басқа осы аспектіде тілдерді үйрену «Ана тілі емес қазақ/орыс тіліне оқыту дидактикасын» жасалуын талап етеді. Үш тілді білім берудің аясында «Үш тілді білім беру жағдайында ағылшын тілінде пәндер мен сабақтарды оқыту дидактикасын» жасау қажеттілігі өзектендіріледі.

Қазақ және орыс тілдері, ағылшын тілі секілді әртүрлі тіл туыстықтарына жататындығына қарамастан, алғашқы екеуі тығыз байланысты үш жүз жылдық тарихы және бірыңғай графика – кириллицамен негізделген ортақ байланыс тамырымен бірігеді. Ағылшын тілімен жағдай өзгеше, көптілдік білім беру тұжырымдамасына сәйкес мектеп оқушыларын математикаға және жаратылыс ғылымының жеке пәндеріне оқыту күтіп тұр. Әлемдік қоғамдастыққа интеграциялану тілі ретінде ағылшын тілімен байланысты білім берудің бұл аспекті түбегейлі педагогикалық инновацияларды талап етеді.

Қазақстанның педагогикалық ғылымы бүгінгі күні үш тілді білім берудің ұлттық контентін есепке алумен тілдерді ертеу үйрену мен қоса үйрену ғылымы негіздерін жасауға тиісті. Осыған байланысты балалардың жас, психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін қатаң ескеретін тілдерді ерте оқыту әдістемесін жасауы керек.

Жас мектеп оқушысының шетелдің тіл қызметіне қабілетілігін дамыту және оның саналы оқу-танымдық қызметін қалыптастырумен байланысты мәселелерді шешу қажет. Ағылшын тіліне оқыту нәтижелігіне білім берудің тұлғалық парадигмасына өту ықпал етеді, оны іске асыру үшін оқытудың бастауыш буыны ерекшелігін ескеретін әлеуметтік-әдістемелік базаны құру қажет.

Ғылыми еңбектерді зерттеу, тұлғаға бағытталған оқытудың әдістемелік ғылымда ұнамды норматив түрі ретінде үнемі мойындалып келгенін, алайда орта мектептің бастауыш буынында ғылыми негізделмегенін және іске асырылмағандығын айқындауға мүмкіндік береді. Ғалым-әдіскерлер негізінен шет тіліне ерте мектептік оқыту үрдісінің жеке тараптары мен аспектілерін зерттеумен айналысты. Осыған байланысты бастауыш мектепте «Шет тілі» пәні туралы жаңа ұғымды

ескеретін және оқушылармен білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізу және оқытудың сапасын көтеру мақсатында тұлғалық парадигмасын әзірлеу жолдарын ізденумен байланысты мектептің бастауыш жасында ағылшын тіліне оқыту үрдісіне жүйелі зерттеу қажет.

Мұндай міндет кіші мектеп жасындағы балаларды оқыту кезіндегі психолінгвистикалық және психофизиологиялық заңдылықтарды зерттеумен және ерекшелігін анықтаумен; жас мектеп оқушысының шетелдік тіл қызметін табысты қалыптастыру шарттарын зерттеумен; жаңа тілді игеру кезінде оның коммуникативтік, когнитивтік және адамгершілік даму ерекшеліктерін айқындаумен байланысты мәселелерді шешуді талап етеді.

Осы бағыттың аясындағы **ғылыми зерттеулердің мақсаты:**

- мәдениеттердің диалогы субъектісі ретінде көптілді тұлғаны қалыптастыру;
- үш тілді білім беруді дидактикалық қамтамасыз етілуін әзірлеу;
- кіші мектеп жасындағы балаларды оқыту кезіндегі психолінгвистикалық және психофизиологиялық заңдылықтарды зерттеу және ерекшелігін анықтау;
- жас мектеп оқушысының шетелдік тіл қызметін табысты қалыптастыру шарттарын зерттеу;
- жаңа тілді игеру кезінде жас мектеп оқушысының коммуникативтік, когнитивтік және адамгершілік даму ерекшеліктерін айқындау
- үш тілді білім берудің мәнмәтінің ескерумен ағылшын тіліне ерте оқыту технологиясы мен әдістемесін жасау;
- тілдерге ерте оқыту мәнмәтінінде балалардың жас ерекшеліктерін зерттеу;
- үш тілді білім берудің жағдайында шет тіліне оқыту кезіндегі психолінгвистикалық заңдылықтарды зерттеу.

3.5 Үш тілді білім беру жүйесін бағдарламалық қамтамасыз ету.

Global Industry Analysts мәліметтері бойынша әлемдегі e-learning нарығының айналымы 2007 жылмен алыстырғанда 32% (40 млрд. доллар) артып, 2010 жылы 52,6 млрд. долларды құрады. 2015 жылы сараптама компаниясы 107 млрд. долларға дейін өсуді болжап отыр.

E-learning нарығының әлемдік сектордағы ең үлкен үлесі АҚШ және Еуроодақ елдеріне тиесілі. Бұл ретте еуропалық елдерде білім беру саласындағы бұл сала негізінен мемлекеттік добациялардың есебінен дамып жатса, ал АҚШ коммерциялық жүйе қолданыста. Себебі бұл аймақтардағы сала дамытылған сала болғандықтан, олардағы нарықтың өсу пайызы көп емес: 7% Солтүстік Америкада және 12% Батыс Еуропада.

Бұл кезде дамушы нарықтардағы өсу қарқыны Азияда 33,5%, Шығыс Еуропада 23% және Латин Америкасында 19,8% құрайды.

AmbientInsight деректері бойынша өз бетінше оқуға арналған (MarketforSelf-pacedeLearning) электронды білім берудің әлемдік нарығы 2009 жылы әлемде 12% орташа жылдық қарқынды өсумен 27,1 млрд. долларды құрады, ал Шығыс Еуропада, Ресейді қосқанда – 23%-ды құрады. 2010 жылы өз бетінше оқуға арналған әлемдік нарықтың көлемі 32,1 млрд-қа дейін өсті. Соңғы 5 жылда өсу қарқыны 9,2% құрады және 2015 жылы нарықтың көлемі 49,9 млрд. долларға дейін өседі деп күтілуде.

2010 жылы аймақтар бойынша Self-paced e-learning нарығының өсу қарқыны Азияда – 28,4%; Шығыс Еуропада – 22% құрады, бұл ретте кей елдердегі өсу қарқыны аймақ бойынша орташа қарқыннан жоғары, мысалы, Польша, Чехия, Венгрия және Румынияда өсу қарқыны 20% көп жоғары.

Латын Америкасында – 19% құрайды. Латын Америкасының елдері қазіргі уақытта технологияларды аймақтан тыс экспорттауға тырысып жатыр; Африка – 17%; Таяу Шығыс – 10%. Африка және Таяу Шығыс нарығы нарықты дамытуға қаржыны салу көзқарасынан перспективті аймақ болып табылады; Батыс Еуропа – 7%; Солтүстік Америка – 4%.

Егерде нарықты елдер бойынша қарайтын болсақ, онда аса жоғары өсімді Азия елдері көрсетеді: Үндістан – 55% жоғары, Қытай – 50% жоғары, Малайзия – 40% жоғары. e-learning нарығының өсу қарқыны бойынша көшбасшы елдердің ондығына 20% өсу қарқынымен Украина да кіріп отыр.

Ambient Insight зерттеулерінің деректері бойынша көптеген елдердің үкіметтері электронды оқытуды енгізу мақсатында оқу орындарына едеуір ықпал жасап отыр. Керісінше Бразилия, Индонезия, Қытай, Эфиопия секілді басқа елдердің билігі тарапынан қарсылық көрсетілуде, әсіресе шетелдік компаниялар-жеткізушілердің экспансиясы саласында.

2014 жылы Солтүстік Америка Батыс Еуропа секілді нарықтағы көлемі бойынша көшбасшы орындарын сақтап қалды. Алайда Азия елдеріндегі жоғары қарқынды ескерумен, осы аймақ электронды оқыту нарығында көлемі бойынша әлемде екінші орынды алады.

Электронды білім беру контенті электронды оқытудың негізін құрайды. Әлемде ағылшын тілі контенті көшбасшы орынға ие. Осылайша, үш тілді білім беруге арналған электронды контентті жасау бойынша ғылыми зерттеулердің міндеті шынайы бола бастайды, себебі оны құру әлемде алғаш рет Қазақстанда шешілетін ғылыми проблема болып қалмақ.

Жиырмамыншы ғасырдың соңында инженерлік-экономикалық білім беруде жеткілікті және перспективті бағыт – қашықтықтан білім беру пайда болды. Соңғы жылдары Еуропада, содан кейін ТМД елдерінде электронды оқытудың (ЭО) әртүрлі жүйелерін қолданумен Интернет

желісі арқылы жүзеге асырылатын электронды нысан арқылы қашықтықтан оқыту процесін білдіретін e-learning термині тарай бастады.

Қашықтықтан білім беру технологиялары әлемнің кез келген нүктесінен әрбір адамға сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін. Бүгінгі күні барлық оқыту процесін толықтай автоматтандыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық өнімдердің үлкен мөлшері бар. Жүйе электронды оқыту үрдісін жасайтын қажетті деңгейге сәйкес болуы үшін ол сипаттамалардың келесі қатарына сәйкес болуы керек:

- Функционалдылық. Жүйеде толық көлемде оқыту процесін қамтамасыз ететін әртүрлі деңгейдегі функциялар жиынтығының болуын білдіреді.

- Сенімділік. Бұл көрсеткіш жүйедегі әкімшілендірудің ыңғайлылығын және бар шаблондардың базасында контенттің жаңару қарапайымдылығын сипаттайды.

- Тұрақтылық. Жүйенің жұмыстың әртүрлі режимдеріне қатысы және тұтынушылардың белсенділік дәрежесі бойынша жұмыс тұрақтылығы дәрежесін білдіреді.

- Бағасы. Жүйенің өзінің құнынан, сондай-ақ оны енгізу, курстарды жасау мен ілеспе жасау, тыңдаушыларға лицензиялардың саны бойынша шектеулердің болуы немесе болмауынан есептеледі.

- Контентті жасау құралдарының болуы. Оқу контентінің енгізілген редакторының болуы тек қана курстарды әзірлеуді жеңілдетіп қоймай, сондай-ақ әртүрлі мақсаттағы білім беру материалдарын біріңғай ұғымға интеграциялауға мүмкіндік береді.

- SCORM қолдау. SCORM стандарты электронды курстармен алмасудың халықаралық негізі болып табылады және оның жүйеде қолдауының болмауы ұтқырлықты төмендетеді және көшірілетін курстарды құруға мүмкіндік бермейді.

- Білімді тексеру жүйесі. Онлайн режимде оқушылардың білімін бағалауға мүмкіндік береді. Әдетте мұндай жүйе өзіне сынақтарды, тапсырмаларды және оқушылардың белсенділігін қадағалауды қамтиды.

- Қолдану ыңғайлылығы. Жаңа жүйені таңдау кезінде оны пайдаланудың ыңғайлылығын қамтамасыз ету қажет. Бұл маңызды параметр, себебі ықтимал оқушылар ешқашан тым ауқымды секлді немесе навигация кезінде қиындық тудыратын технологияларды қолданбайды.

- Модульділік. ЭО қазіргі жүйелерінде курс басқа курстарда қолданылуы мүмкін оқу материалдарының блоктарын немесе модульдар жиынтығын білдіруі мүмкін.

- Қолжетімділікті қамтамасыз ету. Оқушыларда уақыт және

кеңістікпен, сондай-ақ оқушылардың мүмкіндіктерін шектейтін әртүрлі факторлармен байланысты оқу бағдарламаларына қолжетімділік бойынша кедергілер болмау керек.

– 100 % мультимедийлік. Контент ретінде мәтін, гипермәтін және графикалық файлдарды ғана емес, сондай-ақ дыбыс, бейне, gif- және flash-анимация, әртүрлі файл форматындағы 3D-графиканы қолдану мүмкіндігі.

– Ауқымдылығы мен кеңейуі. Қашықтықтан оқыту жүйесінде (ҚОЖ) оқушылардың, тыңдаушылардың ауқымын, сондай-ақ оқыту мен білім беру бағдарламалары мен курстарын қосу мүмкіндіктері.

– Платформаны дамыту перспективалары. ҚОЖ дамушы орта болуы қажет, жаңа технологияларды, стандарттар мен құралдарды қолдаумен жүйенің жаңа, жақсартылған нұсқалары шығуы керек.

– ҚОЖ кросс-платформалығы. Идеалда қашықтықтан оқыту жүйесі қандай-да бір операциялық жүйеге немесе ортаға, серверлік деңгейде, сондай-ақ клиенттік машинадардың деңгейінде байланыста болмауы керек.

– Техникалық қолдау сапасы. Жұмысқа қабілеттілігін қолдау мүмкіндігі, ҚОЖ тұрақтылығы. ҚОЖ жасаушы компания мамандарын, сондай-ақ ұйымды қолдау өз қызметінің мамандарын тартумен қателер мен осалдықтарды жою.

Бүгінгі күні қолданыстағы қашықтықтан оқыту ұйымдарына арналған білім беру платформаларын үш түрге бөлуге болады:

– қораптық сервистер, мұнда бағдарламалық өнім толықтай дайын нұсқада жеткізіледі, оны тек қана тиісті мекемеде ашу қажет;

– SaaSсервистер — бұл қашықтықтағы сервисте ҚОЖ қолдануға мүмкіндік беретін бұлт технологиялары, бұл жағдайда ұйым жүйеге техникалық қолдаумен айналыспайды;

– платформалар, әртүрлі вебинарлар мен конференцияларды өткізуге арналған, әртүрлі тәсілмен ақпаратпен алмасу мүмкіндігімен байланысты міндеттердің белгілі шеңберін ғана қамтамасыз етеді.

ҚОЖ нарығында барлық бағдарламалық өнімдерді екі топқа бөлуге болады: негізінен аса сенімді өнімдер болып табылатын коммерциялық жобалар. Мұнда оның маңызды кемшілігі бар – пайдаланушылар бағдарламаның бастапқы кодына қолжетімділігі жоқ, демек жүйені қайта жаза алмайды және мамандарға қайта өңдеуге тапсырыс бере алмайды. Әрине ҚОЖ жасаушы компаниямен байланысуға болады. Алайда, нарықтағы жалғыз ұйымның қолайлы мерзімде тапсырыстардың толқынымен жұмыс жасай алатындығына кепілдік жоқ.

Сондай-ақ коммерциялық өнімдер құнының жоғары бағасына, лицензияларды тұратқы төлеу мен тұтынушылардың санына тарифтерді назарға алу керек.

Екінші топ — тегін бағдарламалық бұлттар(OpenSource), ашық бастапқы кодпен беріледі. Бұл ұйымның өз бетінше жүйені жетілдірумен

айналыса алатындығын білдіреді. Әдетте, еркін қолжетімділікте көптеген модульдер мен плагиндер бар, бұл қаржылық ресурстар мен оларды жасауға уақытты едеуір үнемдейді.

E-learning-ке арналған бағдарламалық өнімдердің үлкен мөлшеріне қарамастан, коммерциялық өнімдерді негізгі жасаушылар саны аса көп емес.

Электронды оқытудың барлық нарығын үш сегментке бөлуге болады: білім беру сегменті, корпоративтік оқыту және жеке білім беру тұтынушылары.

Қорытындыда келесі тұжырымдар жасауға болады:

– қашықтықтан оқыту технологиялары әлемде өте тез қарқынмен дамуда, бүгінгі күні электронды оқытуды қолдау үшін мыңдаған әртүрлі бағдарламалық өнімдер жасалған;

– қашықтықтан оқыту технологияларының тез дамуына қарамастан e-learning-ке арналған бағдарламалық өнімдердің негізгі жасаушылар саны аса көп те емес, перспективті бағдарлама жасаумен айналысатын бірнеше ондаған компанияларды ғана атап көрсетуге болады.

Осылайша үш тілді білім беруді бағдарламалық ілеспе республикалық жүйесін құру мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізу өзекті болып табылады.

Соңғы жылдары орын алған бұқаралық ашық онлайн-курстардың, MOOC (massive open online course) танымал шыңы білім беру әлемінде төңкеріс басталғаны және оның жақында толықтай қайта жаңартылуы жөніндегі әңгімелерді туғызды.

Бұл нені білдіреді. Қазір MOOC термині кеңінен осы оны қрайтын сөздердің комбинациясы қолданылуы мүмкін барлық нақты жағдайлардың көптеген қатарына қатысты қолданылады. Тақырыпты ықшамдау үшін оның интернетте локализацияланған қашықтықтан оқыту нысаны екенін атап өтеміз. Бұл ашық курстар, демек оған қатысу үшін ақша төлеудің қажеті жоқ. Бұл бұқаралық курстар, яғни оған қалағанынша адам жазыла алады. Және ең соңында бұл аралық тапсырмалармен, сынмалармен және қорытынды аттестаттаумен, ойластырылған бағдарламамен ұйымдастырылған курстар. Әдетте, олар уақыт бойынша шектеулі. Дәстүрлі білім беру форматтарына қарағанла көп уақыт икемділігін талап ететін қашықтық пен бұқаралыққа жеңілдік жасаумен MOOC-тар әдетте дедлайн жүйесін қолданады (тапсырма орындалуы керек соңғы мерзім (күні және/немесе уақыты)).

Осылайша, MOOC-тарды оқытудың ақылы формаларынан, сондай-ақ тегін және қашықтықтае оқыту жүйелерінен, бірақ уақыт бойынша шектелмеген жүйелерден айыру қажет.

MOOC-тар үшін платформалар қазір танымалдығына байланысты көп пайда болды. Көшбасшылар арасынан (онда өз курстарын орналастыратын

университеттердің танымалдығы мен беделі бойынша) Coursera, Udacity, KhanAcademy және edX секілді курстарды атап көрсетуге болады. Курстардың негізгі бөлігі ағылшын тілінде (Курсерде — 374 -тің 348-і).

Бұқаралық бойынша келесісі испан тіліндегі. Сондай-ақ француз, қытай және итальян тілдерінде курстар сирек кездесіп тұрады. Тықырып ауқымы әртүрлі: өнер мен гуманитарлы ғылымдардан бастап, биология, статистика және IT-ға дейін. Курсера мұнда тақырыптардың сан түрлілігімен ерекшеленітінін атап өткен жөн. Бұл жағынан ол онша репрезентативті емес. Мұнда ресурстарда алдымен математика, ақпараттану және бағдарлама жасау бойынша курстар пайда болады және олардың саны көп.

Мысалы, Udacity тек қана осындай курстар (бір курс қосымша физиология және бір бизнес бойынша курс). edX тақырыбы әртүрлі, бірақ ол да жаратылыс ғылымдарына, математика мен технологияларға басымдылық береді (ол түсінікті де; ол Гарвард және MIT бірлескен қызметінің жемісі). KhanAcademy-да көптеген курстар математика мен IT саласынан болады.

Мысал ретінде, Курсердегі MOOK-тың қалай жасалғанын қарауға болады.Әрбір курстың сипаттамасында дайындықтың қандай деңгейіне арналғанына көрестелген. Көптеген курстар бастаушыларға арналған, яғни курстан өту үшін мектеп оқу бағдарламасы негізінен басқа ештеңе талап етілмейді.Сондай-ақ негіздеме ертінде алдыңғы курсер курстарына сілтеме жасайтын курстар да бар. Сипаттамада қандай нақты университет курсты дайындағаны, оқытушылар кімдер, процес кезінде қатысушылар неге үйренеді және аяқтаған соң оларға куәлік беріледі ме. Курстарды Курсердің әріптес-институттары жасайды.

Курстан өту үшін сайтта тіркелу және оған алдын-ала немесе процес кезінде жазылу керек. Курс аяқталғаннан соң, ол сайтта мұрағат түрінде сақталады. Мұрағат дегеніміз барлық материалдармен қолдануға болады, бірақ тапсырмалар бағаланбайды және сертификаттау қолжетімсіз дегенді білдіреді. Курс әдетте апталар бойынша құрылады. Әрбір аптада жаңа бейнелекциялар мен белгіленген мерзімде орындау қажет, оларға сәйкес келетін тапсырмалар(quizzes) пайда болады. Күйге келтіру оқытушыға байланысты. Әдетте әрбір сынақтарды көп рет орындауға болады, бұл ретте аттестаттау кезінде есепке алынатын түпкілікті нәтиже ретінде (автоматты тексеру) қол жеткізілгендердің ішіндегі ең жоғары ұпайы есепке алынады. Тапсырмалар әдетте, рэндоммен (еркін) беріледі, сондықтан дұрыс жауапты алып тастау әдісімен анықтау практикада мүмкін емес.

Білімді тексеру (және бекітуге) апталық тест сынақтарынан бөлек оқытушылар дүркін-дүркін практикалық тапсырмалар(assignments) немесе алынған білімді қолдану мүмкін болатын мини-жобаларды бере алады.

Мұнда прирингтік бағалау (peerassessment) жиі қолданылады. Бұл әрбір қатысушының барлық жұмыстар тапсырылғаннан соң, басқа қатысушылардың жұмыстарының бірқатар санын (4-5) тексеріп, берілген көрсеткіштер қатары бойынша бағалап, өзінің пікірін жазуы керек. Бұл міндетті бөлік- егер оған көңіл аудармаса, қорытынды баға азаяды.

Қосымша материалдар ретінде оқытушылар өздерінің курстарына тақырып бойынша вики-ресурстарға сілтемелерді, қосымша әдебиеттер мен басқа көздердің тізімін және тапсырмаларды орындау үшін әртүрлі виртуалды құралдарды қоса алады. Сондай-ақ әрбір курста қатысушылар таныса алатын, курс бойынша сұрақ бере алатын, және оған жауапты басқа студенттерден, сондай-ақ оқытушылардан, олардың көмекшілерінен ала алады. Осылайша нағыз сыныпқа ұқсас түр жасалады.

Көптеген мағлұмат беертін тағы бір көрсеткіш курстан толық өтетін студенттердің саны. Орта есеппен MOOK-қа шамамен 50 000 адам жазылады (қатысушылар саны 100 000 асатын курстар да бар). Соңына дейін ең ары кеткенде шамамен 20% жетеді, ал жалпы олардың саны 10%-дан аспайды.

Осыйлайша, MOOK-тар әлемде кадрларды даярлау және қайта даярлау құралы ретінде өздерін көрсете білді, үш тілді білім беру жүйесіне арналған осындай бұқаралық ашық онлайн-курстарын жасауға арналған ғылыми зерттеулер өзекті болып табылады.

Үш тілді білім беру жүйесін бағдарламалық қамтаамсыз етуге арналған ғылыми зерттеулер келесілерді ғылыми негіздеуге бағытталған:

- үш тілді білім берудің электронды контентін жасау;
- үш тілді білім беруді бағдарламалық ілеспе жасау республикалық жүйесін құру;
- *Coursera* типі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстарды дайындау және енгізу бойынша бағдарламалық кешенді құру

4 Үш тілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулердің үлгі тақырыптамасы

4.1 Үштілдік білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары тақырыптарының тізімі

1. Үш тілді білім берудің құқықтық аспектілері.
1. Үш тілді білім беру жағдайында мектептік тілдік білім берудің мазмұнын жаңартудың теориялық және практикалық аспектілері.
2. Қазақстан Республикасында тілдік білім берудің жалпы концептуалдық негізін құру.
3. Үштілді білім беру бойынша сарапшыларды ұлттық сертификаттаудың өлшемшарттарын әзірлеу.
4. Тілдік білім берудің мазмұндық-технологиялық және оқу-ұйымдастырушылық негізін жетілдіру.
5. Тілдерді қолданудың негізгі әлеуметтік-коммуникативтік және функционалдық салалары бойынша тезаурустар әзірлеу.
6. Қазақ тілін оқытудың интерактивтік технологиялары.
7. Үштілді білім беру жағдайында тілді оқытудың процессуалдық-технологиялық аспектілері.
8. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне үштілділікті енгізу механизмін әзірлеу.
9. Үштілді білім беруге көшу жағдайындағы инновациялық процестерді басқару.
10. Шет тілдеріне ерте жастан оқытудың шетелдік тәжірибесі.
11. Бірнеше тілдерге параллельді оқытудың (тілдерді қоса оқытудың) шетелдік тәжірибесі.
12. Көптілді білім беру жағдайында жұмыс жасау педагогикалық кадрларды даярлаудың шетелдік тәжірибесі.
13. Үздіксіз басқа тілге даярлау технологиясының шетелдік тәжірибесі.
14. Үш тілді білім беру жағдайында тіл пәндерінің емес болашақ мұғалімдерін лингвистикалық даярлау.
15. Қазақ тілінде кәсіптік-салалық қажеттіліктерге арналған оқу ресурстарын әзірлеу.
16. Тіл мен пәнге интеграциялап оқытудың әдістемелік аспектілері.
17. ЖОО тілдерге (қазақ, орыс, ағылшын) тілдеріне кәсіби бағытталған оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
18. Үш тілді білім беруге арналған кадрларды кәсіби даярлау мазмұнының ғылыми-педагогикалық негізі.

19. Үш тілді білім беруді жүзеге асыру үшін білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұйымдарда педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілудің мониторингісі.

20. Үш тілді білім беру жағдайында педагогикалық кадрлардың біліктілігін көтеру курстарының қолданыстағы бағдарламаларының мазмұнының мониторингі.

21. Білім берудің барлық деңгейлерінде тілдерді оқыту деңгейлерінің мониторингі.

22. Білім берудің барлық деңгейлерінде үш тілді білім берудің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуінің мониторингі.

23. Республика жоғары оқу орындарында үш тілді білім беруді іске асыру бойынша ағымдағы жағдайдың мониторингі.

24. Білім беру ұйымдарының барлық деңгейлерінде үш тілді білім беру бойынша зерттеу нәтижелерін енгізу мониторингі.

25. Қазақстанның өңірлерінде халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының үш тілді білім алуға мүдделілік деңгейінің мониторингі.

26. Үш тілді білім беруді енгізудің ұйымдастыру-педагогикалық шарттары.

27. Мектептегі білім берудің жүйесінде көптілді тұлғаны қалыптастыру.

28. Жоғары оқу орындарында кәсіби даярлау жағдайында көптілді тұлғаны қалыптастыру.

29. Мектептегі тәрбие жұмысы жүйесі арқылы көптілді тұлғаны қалыптастыру.

30. Инновациялы-педагогикалық қызмет ретінде үштілді білім беруді дамыту педагогикалық шарттарын әзірлеу.

31. Үштілді білім берудің стейкхолдерлерінің әлеуметтік серіктестігі механизмдерін әзірлеу.

32. Үштілді білім беру жағдайында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын әдістемелік-ұйымдастыруын қамтамасыз ету.

33. Үш тілді білім беру жағдайында қазақ тіліне ана тілі емес ретінде оқытудың дидактикалық негіздері.

34. Үш тілді білім беру жағдайында орыс тіліне ана тілі емес ретінде оқытудың дидактикалық негіздері.

35. Үш тілді білім беру жағдайында мектеп пәндерін/жоо дәрістерін ағылшын тілінде оқытудың дидактикалық негіздері.

36. Екінші тіл ретінде қазақ тілінде оқу пәндерін оқытуды дидактикалық қамтамасыз ету.

37. Жас мектеп оқушысының шетелдік тіл қызметін қалыптастыру.

38. Үш тілді білім беру жағдайында тілдерге ерте оқытудың әдістік аспекті.

39. Бастауыш мектепте тілдерге параллельді оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектітары.

40. Үш тілді білім беру жағдайында үздіксіз тілдік дайындықты ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

41. Қосымша білім беру жүйесінде оқушылардың тілдік құзыреттерін жетілдіру.

4.2 ҒЗМ жеке тақырыптар бойынша болжамды құрылымы

Тақырыбы: Педагогикалық білімі бар тіл тасымалдауыштарын тарту және оларды Қазақстан Республикасында үштілді білімді кадрлармен қамтамасыз ету үшін жұмыспен қамту механизмдері.

Құрылымы:

Кіріспе

1. Педагогикалық білімі бар тіл тасымалдауыштарын тарту және оларды Қазақстан Республикасында үштілді білімді кадрлармен қамтамасыз ету үшін жұмыспен қамту бойынша халықаралық тәжірибе.

2. Үштілді білім үшін педагогикалық білімі бар тіл тасымалдауыштарында қажеттілік (аймақтар бойынша).

3. Үштілді білім үшін педагогикалық білімі бар тіл тасымалдауыштарды жұмыспен қамту механизмі.

4. Педагогикалық білімі бар тіл тасымалдауыштарын тарту және оларды Қазақстан Республикасында үштілді білімді кадрлармен қамтамасыз ету үшін жұмыспен қамту бойынша мемлекеттік бағдарлама жобасы.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– көптілді білім саласында шетел ғылыми зерттеулер бойынша қолжетімді көздерден ақпаратты іздеу;

– Қазақстан аумақтары бойынша педагогикалық білімі бар тіл тасымалдауыштарында қажеттілігін анықтау;

– педагогикалық білімі бар тіл тасымалдауыштарын жұмыспен қамту механизмдерін қалыптастыру бойынша ұсыныстарын жасау;

– педагогикалық білімі бар тіл тасымалдауыштарын тарту және оларды жұмыспен қамту бойынша мемлекеттік бағдарлама жобасын жасау.

Күтілетін нәтиже: «Педагогикалық білімі бар тіл тасымалдауыштарын тарту және оларды Қазақстан Республикасында үштілді білімді кадрлармен қамтамасыз ету үшін жұмыспен қамту» бойынша мемлекеттік бағдарлама жобасы.

Тақырыбы: *Үштілді кадрларды Қазақстан мектептері, колледждері мен жоо үшін даярлау жүйесі.*

Құрылымы:

Кіріспе

1. *Үштілді кадрларды мектептер, колледждер мен жоо үшін даярлау халықаралық тәжірибесі.*

2. Жоғары білімдегі барлық мамандықтары бойынша үштілді білім үшін білім бағдарламалары ерекшеліктері.

3. Үштілді білім мәселесі бойынша ғылыми мектептер.

4. Үштілді білімді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

қорытындысы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– көптілді кадрларды мектептер, колледждер, жоо үшін шетел ғылыми зерттеулер бойынша қолжетімді көздерден ақпаратты іздеу;

– жоғары білім барлық мамандықтары бойынша үштілді білім үшін білім беру бағдарламаларын жасау;

– үштілді білім мәселелері бойынша ғылыми мектептерді бекіту үшін ғылыми кадрларды анықтау;

– үштілді білім үшін әдістемелік ұсыныстарды даярлау мақсатындағы әдіснамалық зерттеулер.

Күтілетін нәтиже: «Қазақстан мектептері, колледждері және жоо үшін үштілді кадрларды даярлау жүйесі» республикалық бағдарлама.

Тақырыбы: *Үштілді білім үшін мұғалімдер кадрларын қайта даярлау жүйесі*

Құрылымы:

Кіріспе

1. Үштілді білім үшін педагогикалық кадрларды қайта даярлау бойынша халықаралық және отандық тәжірибе: нормативтік қолдау, ресурстық қамтамасыз ету.

2. Қазақстанда педагогикалық кадрларды қайта даярлаудың ағымды жағдайы.

3. Үштілді білім жүйесі үшін педагогикалық кадрларды қайта даярлау жүйесін жаңғырту жолдары.

4. Үштілді білім жүйесі үшін педагогикалық кадрларды қайта даярлау үшін әдістемелік ұсыныстар.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– үштілді білім саласында шетел және отандық ғылыми зерттеулер бойынша қолжетімді көздерден ақпаратты іздеу;

– Қазақстанда педагогикалық кадрларды қайта даярлаудың ағымды жағдайын анықтау;

– үштілді білім жүйесі үшін педагогикалық кадрларды қайта даярлау үшін әдістемелік ұсыныстарды жасау.

Күтілетін нәтиже: үштілді білім жүйесі үшін мұғалімдер кадрларын қайта даярлау жүйесін жетілдіру бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Тақырыбы: *Үштілді білімге (білім деңгейлері бойынша) ауысу үшін мұғалімдерді экономикалық ынталандыру механизмдері.*

Құрылымы:

Кіріспе

1. Мұғалімдер еңбегін төлеу жүйесінің нормативтік-құқықтық базасының сипаттамасы.

2. Үштілді білім жағдайында мұғалімдер еңбегін төлеу жүйесін ұйымдастыру ерекшеліктері.

3. Үштілді білімге білім деңгейлері бойынша ауысу барысында мұғалімдер еңбегін төлеу жүйесін ұйымдастыру ерекшеліктері.

4. Үштілді білімге білім деңгейлері бойынша ауысу бойынша мұғалімдерді экономикалық ынталандыру механизмін қалыптастыру бойынша ұсыныстар.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– үштілді білім саласында мұғалімдер еңбегін төлеу жүйесі бойынша шетел және отандық ғылыми зерттеулер бойынша қолжетімді көздерден ақпаратты іздеу;

– Қазақстандағы мұғалімдер еңбегін төлеу жүйесін ұйымдастырудағы ағымды жағдайын анықтау;

– үштілді білімге білім деңгейлері бойынша ауысу бойынша мұғалімдерді экономикалық ынталандыру механизмін қалыптастыру бойынша ұсыныстар жасау, ресурстық қамтамасыз етуді негіздеу.

Күтілетін нәтиже: үштілді білімге білім деңгейлері бойынша ауысу бойынша мұғалімдерді экономикалық ынталандыру механизмдері.

Тақырыбы: *Үштілді білім мәртебесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету.*

Құрылымы:

Кіріспе

1. Екі тілді, үштілді, көптілді білім саласындағы халықаралық практика.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілдік саясатын іске асыру бойынша нормативтік-құқықтық актілердің сипаттамасы.

3. Үштілді білімді еңізудің нормативтік негіздерінің құқықтық аспектілері.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– екі тілді, үштілді, көптілді білім саласындағы халықаралық практиканы зерделеу және талдау;

– Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілдік саясатын іске асыру бойынша нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу және талдау;

– үштілді білімді еңізу бойынша нормативтік құжаттар жобаларын жасау.

– үштілді білімді еңізу бойынша нормативтік құжаттарды қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстарды дайындау.

Күтілетін нәтиже: үштілді білімді еңізу бойынша нормативтік құжаттарды қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Тақырыбы: *Үштілді білім контексіндегі жоо педагогикалық мамандықтар білім бағдарламалары.*

Құрылымы:

Кіріспе

1. Көптілді педагогтың үштілді білім жүйесіндегі рөлі.

2. Көптілді педагогтың жобасы.

3. ҚР ЖОО көптілді педагогты даярлау: мәселелері мен шешім табу жолдары.

4. Педагогикалық жоо білім бағдарламаларының үштілді білім реалитеттеріне бейімделуі.

5. Жалпы білім беретін мектептер үшін көптілді кадрларды қысқа мерзімде даярлау механизмдері мен бағдарламалары.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– үштілді білім жүйесінде көптілді педагогтың жетекші рөлін анықтау;

– көптілді педагог жобасын жасау;

– көптілді педагогты ҚР ЖОО даярлау мәселелерін анықтау және

оларды шешу жолдары;

– педагогикалық жоо білім бағдарламаларының үштілді білім реалиттарына бейімделу бойынша мәселені зерделеу және талдау;

– жалпы білім беретін мектептер үшін көптілді кадрларды даярлау тиімді және қысқа мерзімді механизмдері мен бағдарламаларын жасау.

Күтілетін нәтиже: педагогикалық ЖОО үшін «Мектепте үштілді оқыту бойынша» бейімделген білім бағдарламаларын жобалау бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Тақырыбы: *Кадрларды даярлаудың үштілді жүйесіне ауысуды әдістемелік қамтамасыз ету*

Құрылымы:

Кіріспе

1. Жоғары білім жүйесінде көптілді кадрларды даярлау жобалары мен механизмдері

2. «Болашақ» бағдарламасы аясында көптілді кадрларды даярлау қазақстандық тәжірибесі

3. Жоғары білім бағдарламаларының көптілді бағытталуы: мәселелері мен перспективалары

4. Үштілді білімді орта мектепте кадрлармен қамтамасыз ету қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– жоғары білім жүйесінде кадрларды даярлау отандық және шетел тәжірибесін зерделеу;

– жоғары білім бағдарламаларының көптілді бағытталу ерекшеліктерін зерделеу;

– орта мектептегі үштілдік білімді кадрлармен қамтамасыз ету мәселелерін зерделеу және талдау;

– жалпы білім беретін мектеп үшін үштілді кадрларды даярлау тиімді және қысқа мерзімді механизмдері мен бағдарламаларын жасау.

Күтілетін нәтиже: кадрларды даярлаудың үштілді жүйесіне ауысу бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Тақырыбы: *Үштілді білімді еңгізудің бағалау механизмі.*

Құрылымы:

Кіріспе

1. Тілдерді білу деңгейлерін бағалаудың әдістемелік негіздері.

2. Тілдік емес пәндерді шетел тілінде оқыту үдерісін бағалау жүйелері.

3. Жалпы білім беретін мектептер пән мұғалімдерінің тілдік құзыреттерін бағалау жүйелері.

4. Жалпы білім беретін мектептер түлектерінің тілдік деңгейін бағалауға құзыретті көзқарас.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– шетел тілдерін игеру деңгейлерін бағалау шетел және отандық тәжірибесін зерделеу;

– жалпы білім беретін мектептер пән мұғалімдерінің тілдік құзыреттерін бағалау индикаторларын жасау.

– жалпы білім беретін мектеп түлектерінің тілдік құзыреттілігінің қалыптасу критерийлерін жасау

– мектепте үштілді білімді енгізу бойынша оқутәрбие үдерісі сапасын бағалау үшін тиімді механизмдері мен үдерістерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: «Мектепте үштілді білімді енгізу бойынша мониторингті ұйымдастыру және жүргізу» тақырыбы бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Тақырыбы: *Үштілді білім сапасының кешеңді мониторингі.*

Құрылымы:

Кіріспе

1. Республикалық деңгейде үштілді білім мониторингін жоспарлау және ұйымдастыру.

2. Қазақстан мектептерінде үштілді білімді енгізу бойынша мониторинг құрылымы.

3. Тілдік мәселелері (проблемалары бойынша) бойынша мониторинг зерттеулерін жүргізу ерекшеліктері.

4. Екітілді және көптілді оқыту мәселелері бойынша мониторинг зерттеулеріне шолу жасау.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– екітілді және көптілді оқыту мәселелері бойынша мониторинг зерттеулеріне аналитикалық шолу жасау;

– үштілді білім мониторингін республикалық деңгейде жоспарлау және ұйымдастыру;

– мониторингтің технологиялық карталары мен оларды толтыру бойынша нұсқаулық хатты даярлау;

– мониторинг бойынша ақпаратты жинақтау және өңдеу;

– мәліметтерді талдау және қорытындыларды жалпылау;

– мониторингтің алынған нәтижелерін көптілді білім саласындағы сарапшылар мен мамандардың қатысуымен талқылау.

Күтілетін нәтиже: «Қазақстан Республикасында үштілді білімді еңгізу: қазіргі жағдайы мен перспективалары» аналитикалық анықтама.

Тақырыбы: *Қазақ, орыс, ағылшын тілдері (деңгейлік жобалары) үшін бірыңғай тілдік стандарттың ғылыми-педагогикалық және лингводидактикалық негіздерін жасау).*

Құрылымы:

Алғы сөз

1 Мектепте «қазақ тілі», «орыс тілі» және «ағылшын тілі» пәндерін оқытудың тиімді әдістері.

2 Үш тілді игеру барысында тілдік пәндерді деңгейлеп оқыту

3 Үш тілді игеру барысында өздік жұмысын ұйымдастыру.

4 «Қазақ тілі», «орыс тілі» және «ағылшын тілі» пәндерін деңгейлеп оқытудың ерекшеліктері.

5 Үш тілді игеру барысында сабақта деңгейге бөлуді қолдану.

6 «Қазақ тілі», «орыс тілі» және «ағылшын тілі» пәндер бойынша сабақтардың болжамды технологиялық картасы.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– «қазақ тілі», «орыс тілі» және «ағылшын тілі» пәндері үшін (деңгейлік жобалары) бірыңғай тілдік стандартты жасау саласында шетел және отандық ғылыми зерттеулер бойынша қолжетімді көздерден ақпаратты іздеу;

– Қазақстандағы «қазақ тілі», «орыс тілі» және «ағылшын тілі» пәндері үшін (деңгейлік жобалары) бірыңғай тілдік стандарттың ағымдағы жағдайын анықтау;

– «қазақ тілі», «орыс тілі» және «ағылшын тілі» пәндері үшін (деңгейлік жобалары) бірыңғай тілдік стандартты жасау бойынша ұсыныстарды дайындау.

Күтілетін нәтиже: «Қазақ тілі», «орыс тілі» және «ағылшын тілі» пәндері үшін (деңгейлік жобалары) бірыңғай тілдік стандартты жасау бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Тақырыбы: *Үштілді мамандарды даярлау бойынша ғылыми мектептерді ұйымдастыру.*

Құрылымы:

Кіріспе

1 Үштілді мамандарды даярлау бойынша халықаралық және отандық тәжірибе.

2 Қазақстанда үштілді мамандарды даярлау жағдайы.

3 Үштілді мамандарды даярлау бойынша ғылыми мектептерді білім ұйымдары базасында ұйымдастыру.

4 Үштілді мамандарды даярлау бойынша ғылыми мектеп жүйелерінің негізгі элементтері.

5 Үштілді мамандарды даярлау бойынша ғылыми мектептерді ұйымдастыру үшін әдістемелік ұсыныстар.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– үштілді мамандарды даярлау бойынша ғылыми мектептерді ұйымдастыру саласында шетел және отандық ғылыми зерттеулер бойынша қолжетімді көздерден ақпаратты іздеу;

– Қазақстанда үштілді мамандарды даярлау бойынша ғылыми мектептерді ұйымдастыру ағымды жағдайын анықтау;

– үштілді мамандарды даярлау бойынша ғылыми мектептерді ұйымдастыру үшін әдістемелік ұсыныстарды жасау.

Күтілетін нәтиже: Үштілді мамандарды даярлау бойынша ғылыми мектептерді ұйымдастыру үшін әдістемелік ұсыныстар.

Тақырыбы: *Тілдерді ертеден оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері*

Құрылымы:

Кіріспе

1 Тілдерді ертеден оқыту мәселесі бойынша халықаралық және отандық тәжірибе.

2 Қазақстанда тілдерді ертеден оқыту мәселесінің қазіргі жағдайының сипаттамасы.

3 Үштілді білім жағдайына даярлау үшін балалардың тілдерді ертеден игеру жүйесін жетілдіру жолдары.

4 Тілдерді ертеден игеру бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– балалардың тілдерді ертеден игеру қажеттілігін зерттеу саласында шетел және отандық ғылыми зерттеулер бойынша қолжетімді көздерден ақпаратты іздеу;

– Қазақстанда балалардың тілдерді ертеден игеру ағымды жағдайы мен ұйымдастырылуын анықтау;

– балалардың тілдерді ертеден игеру қажеттілігін зерттеуді ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды жасау.

Күтілетін нәтиже: тілдерді ертеден игеруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Тақырыбы: Қазақ тілін шетел мемлекет жағдайында сақтау бойынша қазақ диаспораларының тәжірибесі.

Құрылымы:

Кіріспе

1 Шетелде қазақ диаспораларының пайда болу мәселесін зерделеу.

2 Қазақ диаспорасы бар шетел мемлекеттеріндегі қазақ тілінің ерекшеліктері мен орны.

3 Қазақ тілі мен қазақ диаспорасы бар елдің мемлекеттік тілінің қатынасының мәні мен мазмұны.

4 Қазақ тілін сақтау және зерделеу бойынша қазақ диаспораларының тәжірибесін қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– шетелде қазақ диаспораларының пайда болу мәселесін зерделеу саласындағы шетел және отандық ғылыми зерттеулер бойынша қолжетімді көздерден ақпаратты іздеу;

– қазақ диаспорасы бар шетел мемлекеттердің білім жүйелерінде қазақ тілінің ағымдағы жағдайын, ерекшеліктері мен орнын анықтау;

– шетел мемлекет жағдайында қазақ тілін сақтау бойынша қазақ диаспораларының тәжірибесін қолдану бойынша ұсыныстарды жасау.

Күтілетін нәтиже: шетел мемлекет жағдайында қазақ тілін сақтау бойынша қазақ диаспораларының тәжірибесін қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Тақырыбы: Үштілді білім электронды контентін жасауды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.

Құрылымы:

Кіріспе

1. Барлық деңгейдегі білім электронды контентін жасау бойынша Қазақстандық тәжірибе.

2. Мектеп, колледж, ЖОО үшін үштілді білім үшін электроны контентін жасау бойынша әдістемелік нұсқаулар.

3. Білімнің барлық түрлері, барлық оқу пәндері бойынша электронды контент жасау кестесі.

4. Үштілді білім үшін электронды контент мәліметтер базалары.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

–білімнің барлық деңгейлері, барлық оқу пәндері бойынша қолданыстағы қазақстандық электронды контентті іздеу, сұрыптау және жинақтау;

–мектеп, колледж және ЖОО үшін үштілді білім үшін электронды контентті жасау бойынша әдістемелік нұсқауды жасау;

–білімнің барлық түрлері, барлық оқу пәндері бойынша қолданыстағы электронды контентті есепке алу арқылы электронды контентті жасау кестесін даярлау;

–үштілді білім үшін электронды контент мәліметтер қазақстандық базасын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Үштілді білім үшін электронды контент мәліметтер банкі.

Тақырыбы: *Үштілді білімді бағдарламалық қолдау жүйесі.*

Құрылымы:

Кіріспе

1. Оқу үдерісін бағдарламалық қолдаудың халықаралық тәжірибесі.

2. Үштілді білімді бағдарламалық қолдау үшін техникалық тапсырма.

3. Үштілді білім жобасын электронды контент мәліметтер базасына сәйкес іске асыру үшін бағдарламалық платформа.

4. Үштілді білімді бағдарламалық қолдаудың республикалық жүйесінің компьютерлік бағдарламасы ерекшеліктері.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

–оқу үдерісін бағдарламалық қолдаудың шетел және отандық ғылыми зерттеулер бойынша қолжетімді көздерден ақпаратты іздеу;

–мектеп, колледж және ЖОО үшін үштілді білімді бағдарламалық қолдау үшін техникалық тапсырма жазу;

–қолданыстағы бағдарламалық платформаларды талдау және біреуін үштілді білім жобасын электронды контент мәліметтер базасына сәйкес іске асыру үшін таңдау;

–үштілді білімді бағдарламалық қолдаудың республикалық жүйесі компьютерлік бағдарламаны жазу.

Күтілетін нәтиже: үштілді білімді бағдарламалық қолдаудың республикалық жүйесінің компьютерлік бағдарламалық кешеңі.

Тақырыбы: Coursera түрі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстарды дайындау және еңгізу бойынша бағдарламалық кешең.

Құрылымы:

Кіріспе

1. Coursera түрі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстар халықаралық тәжірибесі.

2. Coursera түрі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстар үшін техникалық тапсырма.

3. Coursera түрі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстарды іске асыру үшін бағдарламалық платформа.

4. Coursera түрі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстардың компьютерлік бағдарламасы.

Қорытынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жүргізілетін жұмыс түрлері:

– Coursera түрі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстарын шетел ғылыми зерттеулер бойынша қолжетімді көздерден ақпаратты іздеу;

– Coursera түрі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстары үшін техникалық тапсырма жазу;

– қолданыстағы бағдарламалық платформаларды талдау және біреуін coursera түрі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстары жобасын іске асыру үшін таңдау;

– Coursera түрі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстары үшін компьютерлік бағдарламаны жазу.

Күтілетін нәтиже: coursera түрі бойынша бұқаралық ашық онлайн-курстарының компьютерлік бағдарламалық кешеңі.

Тақырыбы: Орта мектептегі үш тілді білім беру негізіндегі қызметтік тәсіл

Құрылымы:

Кіріспе

1 Тілдік және коммуникативтік құзіреттілік.

2 Қазіргі психолінгвистика мен әдістемеде оқытудың коммуникативтік стратегиясы.

3 Оқу қызметін ынталандыру және сөйлеудің ситуациялығы.

4 Тіл материалын іріктеу және ұйымдастыру негізіндегі тілдік жағдай.

5 Тілдерге үйрету кезінде тілдік жағдайларды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттердің тізімі.

Жүргізілген жұмыстардың түрлері:

– зерттеу проблемасы бойынша шетелдік және отандық ғылыми әдебиетті талдау;

– халықаралық және отандық практикада оқу процесін коммуникативті ұйымдастыру тәжірибесін зерттеу;

– орта мектептік оқу тіл қызметінің негізгі мотивтерін анықтау;

– оқытуға қызметтік тәсіл негізінде оқу тіл материалын құру;

– орта мектептің оқушыларын оқыту кезінде сөйлеу ситуацияларын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдарды жасау.

Күтілетін нәтиже: қызметтік тәсілдің негізінде оқыту процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

5 Үштілді білім саласында ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша ұсыныстар

Ғылыми зерттеу тақырыбы аталған бағдарламамен анықталған ғылыми бағыттарға сәйкес келу керек, маңызды қолданбалы міндеттің шешімін қамтамасыз ететін жаңа ғылыми негізделген нәтижелері болу керек немесе үштілді білімнің дамуы үшін жиынтығының маңызы зор теориялық ережелері және эксперименталды нәтижелері болу қажет. Автор ұсынған жаңа шешімдер танымал шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған болу керек.

Қолданбалы маңызы бар ғылыми жұмыста орындаушымен алынған авторлық куәліктермен, енгізу актілерімен және басқа ресми құжаттармен расталған, теориялық маңызы бар жұмыста – ғылыми қорытындыларды қолдану бойынша негізделген ұсыныстары бар, ғылыми нәтижелерді практикалық қолдану туралы мәліметтер келтіріледі.

Ғылыми зерттеулер нәтижелерін ғылыми, ғылыми-аналитикалық және ғылыми-практикалық басылымдарда, оның ішінде импакт-факторымен, жариялау ұсынылады.

Ұсынылған үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеу тақырыбы ҚР БҒМ ғылыми жобалар конкурсы аясында оны әзірлеу үшін, сонымен қатар, докторлық диссертация шеңберінде ғылыми зерттеу жүргізу үшін ұсынылуы мүмкін.

Ғылыми зерттеу ғылымды дамытудың нақты басым бағытына сәйкес болуы қажет. Сонымен, білім беру саласындағы зерттеу «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты аясында орындалады. Қаржыланатын жобалар конкурсына қатысу өтінімі мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Өтінімде келесі бөлімдерді: жобаның мақсаты мен міндеттері, жобаның ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңыздылығы, зерттеу әдістері, зерттеу тобының құрамы, сонымен қатар, күнтізбелік жоспар, шығындар сметасы, күтілетін нәтижелер, библиографияны құрайтын жобаның сипаттамасы беріледі.

1. Жобаның мақсаты мен міндеттері (500 сөзден көп емес)

Бұл бөлімде жобаның мақсаты мен мақсатқа жету тәсілдері, қойылған міндеттер оларды жүзеге асыру және күтілетін нәтижелердің қысқаша түсінігімен сипатталады.

2. Жобаның ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңыздылығы (1500 сөзден көп емес)

Бөлім келесі ақпараттарды қамтиды:

1) жобаны әзірлеуге алғышарттарды, зерттелетін тақырыпқа және оның осы Жобамен (шолуда қолданылған әдебиеттерге сілтеме жасалған толық шифрі 8- «Библиография» бөлімінде ұсынылуы қажет) өзара

байланысына қатысты әлемде жүргізілген, алдыңғы ғылыми зерттеулерге міндетті шолумен ғылыми жаңалығын негіздеу.

Алдын ала нәтижелер бар болған жағдайда көрсетіледі;

2) жобаның ұлттық және халықаралық деңгейдегі маңыздылығы;

3) жобаны жүзеге асыруда және оның нәтижелерін алудағы әлеуметтік сұраныс және (немесе) экономикалық және индустриялық қызығушылық;

4) алынған нәтижелердің ғылым мен технологияның дамуына әсері және күтілетін әлеуметтік және экономикалық салдары;

Осы бөлімді жазуда келесі ұстанымдарға көңіл бөлу ұсынылады:

1) Жобаның ұқсастықтардан түбегейлі ерекшелігіне сипаттама беру қажет;

2) егер Жобаның соңғы нәтижесі өнім болатын болса, Жобаның пәндік саласындағы техника деңгейін қазіргі уақытта қалыптасқан отандық және шетелдік өндірушілердің жетістіктері туралы мәліметтер келтіре отырып сипаттау қажет;

3.Зерттеу әдістері (1000 сөзден көп емес).

Бөлім қойылған мақсаттарға жету тәсілдерін негіздеу, таңдалған тәсілді негіздеу; жобаны жүзеге асырудың сыни нүктелері, балама жолдары, рәсімдеу жағдайы және зерттеу нәтижесіне зияткерлік меншік құқығын бөлу (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалғанын көрсету қажет) ретінде жобада қолданылған ғылыми әдістерді сипаттауды құрайды.

4.Зерттеу тобы (2500 сөзден көп емес)

Бөлім келесі ақпараттарды қамтиды:

1) зерттеу топтарының құрамын, олардың ұстанымын, біліктілігін және жоба жұмысындағы бағыттарын сипаттау;

- Жобаның ғылыми жетекшісінің түйіндемесі мен ғылыми істері (тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми атағы/дәрежесі, ұсынылған зерттеудің бұрын жүргізілген ғылыми зерттеумен қандай жағдайда байланыстылығына, Жобаның ғылыми жетекшісінің Жоба тақырыбына қатысты негізгі жарияланымдары туралы мәліметтерге, патенті туралы мәліметтерге қысқаша түйіндеме келтіріледі және сипатталады;

- соңғы үш жыл көлеміндегі Жобаның ғылыми жетекшісі ғылыми жетекші ретінде көрінетін (ғылыми зерттеу тақырыптары, зерттеу жүргізу орны мен уақыты, қаржыландыру көзі, жобаның аяқталу деңгейі) жоба туралы мәліметтер;

- зерттеу тобының әрбір мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты, жобадағы ұстанымдары;

- зерттеу тобының жоба тақырыбына қатысты (онға дейінгі) негізгі жарияланымдары, патенттері, авторлық куәліктері;


- жұмысты және Жобада жұмыспен қамтылу мерзімін сипаттау;

5. жобаның кезеңдерін, қойылған міндеттерді, оның маңыздылығын негіздеуді, Гант диаграммасын (қойылған міндеттер, уақыты (айда) құрайтын жұмыстың күнтізбелік жоспары.

Үлгілік күнтізбелік жоспар үлгісі

№ р/с	Міндеттер, жоба міндеттерін жүзеге асыру бойынша шаралар атауы	Ұзақтығы (айда)	Жұмысты орындаудың басталуы (күн/ай/жыл.)	Жобаны жүзеге асыру жылдары		
				1-жыл	2-жыл	3-жыл

Екі жылдық жобаға арналған желілік график үлгісі:



6. Смета – жобаны жүзеге асырудың әр жылына міндетті түсіндірумен Жобаның жалпы құнын (мың. теңгеде) және шығындар сметасын негіздеу. Ағылшын тілінде рәсімделген мақалалар шығыны өтінімдерде доллардың теңгеге шаққандағы курсы көрсетумен (ҚР Ұлттық банкі мәліметтері бойынша өтінім беру күні) АҚШ доллары

түрінде көрсетілуі қажет. Жоба бюджеті жұмыс жоспарына сәйкес Жобаның ғылыми жетекшісімен бөлінеді және осы Жобаға байланысы жоқ, басқа да мақалалар шығынына бағытталмауы қажет.

Мақалалар бюджетіне келесі шығындар енуі мүмкін:

1) еңбек ақы – барлық салықтар мен шегерімдерді ескере отырып, ғылыми зерттеуді жүргізуге қатысқан ғылыми қызметкерлер еңбегіне ақы төлеу;

2) ғылыми іссапарлар – мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен құралатын, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22-қыркүйектегі № 1428 қаулысымен бекітілген, және Қазақстан Республикасы Үкіметінің « Республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік қызметкерлердің шетелдік іссапарлар шығынының өтемі туралы» 2008жылғы 6-ақпандағы № 108 қаулысымен бекітілген мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы көлеміндегі қызметтік іссапарлары туралы Ережемен белгіленген зерттеу жүргізуге байланысты іссапарлар өтемі іссапарлар шығыны өтемінің нормасынан аспауы қажет.

3) шеттегі ұйымдар қызметі – зерттеу жүргізу үшін қажетті ұжымдық қолданудағы ұлттық зертханалар қызметі, басқа да ұйымдар қызметі, оның ішінде конференцияларға қатысу үшін ұйымдастыру жарналары.

4) материалдар сатып алу – зерттеу жүргізуге жұмсалатын материалдар;

5) жабдықтар сатып алу және бағдарламалық қамтамасыз ету (заңды тұлғалар үшін).

6) ғылыми-ұйымдастырушылық қолдау – жүзеге асырылатын жоба бойынша жарияланымдар әзірлеу және ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау шығындары;

7) егер өтінім беруші жеке тұлға болған жағдайда ғимаратты жалға алу;

8) жабдықтарды жалға алу;

9) зерттеуді жүзеге асыру үшін қолданылған жабдықтар мен техникаларды сақтаудың эксплуатациялық шығындары.

7.Күтілетін нәтижелер (1500 сөзден кем емес).

Бөлімде төмендегі ақпараттар көрсетіледі:

1) рецензияланған ғылыми журналдарға (жоба аясында жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижелерін жариялау болжана ма және қандай журналда) жарияланымдарды жоспарлау;

2) шетелдік баспаларда кітап/кітап тарауы түрінде жариялауды жоспарлау;

3) қазақстандық баспаларда кітап/кітап тарауы түрінде жариялауды жоспарлау;

4) монографиялар түрінде жариялауды жоспарлау;

5) жұмыс нәтижелерін әлеуетті қолданушылар, ғалымдар қауымдастығы және кең жұртшылық арасына тарату.

8. *Библиография.* Осы бөлімде Жобаны сипаттау бөліміндегі Жобаның ғылыми жаңалығы және маңыздылығы деп аталатын 2-пунктте көрсетілген сілтемелердің жарияланымдары көрсетіледі

Әрбір жарияланым журналдың толық атауын, басылым нөмірін, шыққан жылын, бетінің нөмірін, мақаланың толық атауын, мақала авторларының толық атын сақтауы қажет.

Импакт – факторлы ғылыми жарияланымдар әзірлеу және оларды рейтингтік шетелдік басылымдарға ұсыну тәртібі бойынша, сонымен қатар, зерттеу нәтижесін рәсімдеу бойынша ұсыныстар Б,В қосымшасында көрсетілген.

Қорытынды

Ұсынылған Бағдарламада үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулер, Қазақстандағы үштілді (көптілді) білім беру саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелерін талдау, жүргізілген мониторингтің жекелеген нәтижелері, оларды шынайы білім беру тәжірибесіне енгізу ұсынылды; Қазақстанда үштілді білім беруді дамытудың өзекті мәселелері, Қазақстанда үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары анықталды; Қазақстанда үштілді білім беру саласындағы ғылыми зерттеулердің үлгілік тақырыптары әзірленді, сонымен қатар, оларды жүргізу бойынша ұсыныстар ұсынылды.

Әзірленген Бағдарламада үштілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негізін, психологиялық-педагогикалық, лингводидактикалық, әлеуметтік-мәдени аспектілерін мақсатты бағытталған оқытуға мүмкіндік беретін үштілді білім беру мәселесін жүйелеу әрекеті қабылданды. Бұл, өз кезегінде мәдениетаралық, кәсіби-бағытталған құзыреттерді меңгерген, мәдениет диалогы арасында өзін-өзі танытатын көптілді тұлға қалыптастыруға бағытталған, үштілді білім беру теориясы мен тәжірибесін байытуға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеу нәтижелері үштілді білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар болуы қажет. Қазақстан Республикасында тілдік білім беру тәжірибесі ана тілі және мемлекеттік (қазақ) тілдері, ана тілі және орыс тілдерінің, ана тілі және шет тілдерінің, мемлекеттік (қазақ) және орыс тілдерінің, мемлекеттік (қазақ) және шет тілдерінің, орыс және шет тілдерінің балансын орнатуға бағытталуы қажет.

Негізінен ғылыми зерттеу тақырыптары Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді дамыту Тұжырымдамасымен анықталған: үштілділікті нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік, оқу-ұйымдастырушылық қамтамасыз етумен көптілді білім берудің басым бағыттарына сәйкес жүйеленді.

Үштілді білім берудің нормативтік-құқықтық базасын әрі қарай жетілдіру төмендегілер есебінен қамтамасыз етілетін болады:

– білім беру және тілдік саясат саласындағы заңнамалық процестерді жетілдіру;

– отандық білім беру жүйесінің әрбір деңгейінің ерекшеліктерін ескере отырып, үштілді білім беруді ұйымдастырудың бірінғай нормасын және реттегішін жасау;

– қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқығандық деңгейіне қойылатын бірінғай талаптармен, білім беру жүйесінің (тігінен) барлық буындары арасындағы бірізділіктің маңыздылығын және субъектілерге қатысты (көлденеңінен) іс жүргізудің үздіксіздігі мен тұтастығын

қамтамасыз ететін жаңа мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу және қабылдау.

Үштілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді дамыту аясында үштілді білім беру жағдайында жұмыс істеуге қабілетті жаңа формация педагогын даярлау жүйесін құру және сонымен қатар, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқытудың оқу-әдістемелік базасын одан әрі жетілдіру қажет. Ғылыми зерттеулер үштілді білім беруді ғылыми-әдістемелік қолдау жүйесін қалыптастыру мен дамытудың негізгі бағыттарын анықтауға бағытталуы қажет.

Осы ғылыми зерттеулер:

– көптілді білім берудің әдіснамалық негізі ретінде, этнолингводидактикалық тәсілдің принциптерін, әдістері мен құралдарын дамытуға мүмкіндік беретін қазіргі педагогикалық ғылым мен білім беру тәжірибесін байытуға;

